Изучение слов-усечений – это один из приёмов мотивации учащихся к изучению русскогоязыка и один из инструментов повышения качества знаний. Подробная характеристика данного языкового явления и углубленное изучение необходимы на уроках русского языка при изучении раздела «Словообразование». Учащиеся могут самостоятельно заняться исследованием данного вопроса, написать научный проект, составить словарь, изучить различные аспекты проблемного вопроса. Школьников заинтересует не только словообразовательный процесс слов-усечений, но и семантическая сторона данного явления. Например изучение функций.

Для усечений характерны следующие функции:

1) Компрессивная функция, которая служит целям сокращения уже имеющихся в языке номинативных единиц. Например: демок – демократ, дир – директор, диза – дизайнер, чел – человек.

2) Экспрессивная функция: усечения активно применяются как яркое средство экспрессивизации речи, выражают субъективное отношение говорящего к предмету речи. Например: туня – тунеядец, интеля – интеллигент.

3) Стилистическая функция: производное, как правило, отличается от базового сниженной стилистической окраской. Например: биба – библиотека, гросс – гроссмейстер, комбез – комбинезон.

«Необходимо отметить, что перечисленные функции применимы не только словообразованию в целом, но и к конкретным способом словообразования в частности, в нашем случае таким способом является усечение». [3]

Кроме отмеченных функций, характеризующие словообразование в целом, можно выделить частные функции. Например: функция выражения «социальной солидарности»[4]: усечения служат знаком определенной социальной группы, объединяют носителей одного жаргона. Например: слова серж – сержант, дембель – демобилизованный - армейский жаргон; туса – тусовка – молодежный жаргон; стипа, стёпа – стипендия, универ – университет – студенческий жаргон.

Высокая экспрессивность усечений, нестандартность словообразовательных форм, большая мобильность, обусловленная сферой общения, возрастом и необходимостью использования в речи данных слов, создают условия для заполнения лексического пространства в языке молодых людей. Это необходимо, чтобы полностью удовлетворить эмоциональность, чтобы быстро и максимально эффективно донести информацию слушателю или участнику диолога.

Не задумываясь над языковыми процессами, молодые носители языка используют в своей речи различные способы усечений. Например:

1. Образование новых слов путем сокращения. Кило (из килограмм), кино (из кинематограф), метро (из метрополитен).
2. Образование форм слов путем отбрасывания окончания. 10 грамм (граммов). Килограмм баклажан (баклажанов). Среди туркмен (туркменов).

Это считается нормой при образовании слов-усечений. Языковое чутьё помогает адаптировать новые слова к общепринятым законом языкознания, поэтому многие слова из молодёжного сленга доступны людям разных возрастов.

Старшее поколение воспринимает данный процесс как игру слов, что способствуют стиранию языковых барьеров между участниками дискуссий и споров, сближению представителей разных возрастов и социальных сообществ. Всех объединила Всемирная паутина, которая способствуют распространению и продвижению языковых явлений в сфере словообразования. Ок, спо, др, краш, скрин и многие другие слова-усечения перестали выступать в роли раздражающего элемента при общении.

Подрастающее поколение стремится выделиться как через внешний облик, так и через речь, поэтому не стоит отрицать их самовыражение, а стоит внимательно присмотреться к речевым изменениям. Возможно, именно слова-усечения лягут в основу многих языковых процессов как в устной речи, так и в письменной. Научить проявлять интерес к изменениям в лексике, быть внимательнее к речи окружающих – вот одна из задач учителей русского языка. Совместная проектная, творческая работа преподавателя и ученика над особенностями словообразования будет способствовать мотивации к самообразованию и саморазвитию.

Словарь усечений
Акк – аккаунт
Абит – абитуриент
Азер – азербайджанец
Баклажан – баклажанов
Бутер - бутерброд
Варик – вариант
Грамм – граммов
Диза – дизайнер
Деза - дезинформация
Демок – демократ
Жиза - жизненная ситуация
Лан – ладно
Лого - логопед
Лю - люблю
Инет, Нет – Интернет
Ноут – ноутбук
Кило – килограмм
Кино – кинематограф
Кондёр – кондиционер
Куль - калькулятор
Лаб - лаборатория
Матем - математика
Мол - молодой
Нарик – наркоман
Проф – профессор
Препод – преподаватель.
Прив – привет
Прапор – прапорщик
Руслит – русская литература
Серж - сержант
Спо – спасибо
Спок – спокойно
Стёпа – стипендия
Турик – турист
Туркмен – туркменов
Тяж – тяжеловес
Универ – университет
Физрук – физической культуры руководитель
Чел - человек

Список используемой литературы

1. Караулов Ю. Н. О состоянии русского языка современности: Докл. на конф. "Рус. яз. и современность. Пробл. и перспективы развития русистики" и материалы почт. дискус., в которой приняли участие Ю. Д. Апресян и др. / Ю. Н. Караулов. - Москва: Б. и., 1991. - 65

2. Кожина М. Н. Речеведческий аспект теории языка / М. Н. Кожина // Stylistuka. − Opole, 1998.− Вып. 7. − С. 5-3

3. Земская, Елена Андреевна. Словообразование как деятельность / Е. А. Земская; Рос. акад. наук, Ин-т рус. яз. - Москва : Наука, 1992. - 220,[1] с.; 21 см.; ISBN 5-02-011082-5: Б. ц.

4. Сепир Э. Язык. Введение в изучение речи. Монография / Москва, Директ-Медиа, 2007 г, 447 стр.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ТӘРБИЕНІҢ БАЛА БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ, ОНЫ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ

Г.Г.Булекенова
«СМАРТ БІЛІМ»ЖОББ МГ
Ақтөбе қаласы

Аннотация

Адам баласының бір қызығы – бала деген , қазақ атамыз балан тәрбиесіне аса маңызды роль атқарған. Бала – бал еті тәрбиесі анасының құрсағында жатқаннан рухани тәрбие алып, кейін бесикте бесік жырымен тәрбиеленген. Ата-әженің ертегісімен , әңгіме қисалармен , батыр жырымен рухани сусындап отырған. Ал қазір балалар цифырлық заманның балалары да өте жан- жақты дамыған. Рухани жаһандану туралы әңгіме болмақ.

«Жаһандану» ұғымы ағылшын тіліндегі «global» ұғымынан алынған, оны «әлемдік», «дүниежүзілік» деп аударуға да болады. Ал мағыналық тұрғыдан алғанда, бүкіл әлемді қамтыған, яғни құрлық шеңбері шектелмеген, әлемдік деңгейде жүріп жатқан қандай да бір іс-әрекетті білдіреді. Жаһандану – біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру үдерісіне ілесу дегенді де білдіреді. Бүгінгі күрделенген дүниенің жаһандану үдерісі кезеңінде ұлттық бірегейлікті сақтап қалу ең негізгі мәселенің бірі болып отыр. Жас ұрпақтың бойында ұлттық руханилықты дамыту, ұлттық құндылықтарды сақтау және бірте бірте жаңғырту арқылы қоғам алдындағы мәселелер оң шешімін табады. Жастардың бойына адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуде рухани жаңғырудың сарқылмас қайнары ұлттық мәдениет шешуші рөл атқарады.Біздің елімізде жас ұрпақтардың үйлесімді дамуы, ұлы бабаларымыздың лайықты ізбасарлары болуы үшін барлық мүмкіндіктер жасалуда.

Ендігі кезекте Еліміздің болашағына баланатын жастарымызға жаһанданудың тигізетін кері әсерлеріне тоқталсақ. Жаһанданудың жастар тәрбиесіне тигізетін кері әсері:Жас ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие беру заманымыздың өткір талабы екендігі айқын. Жаһандану уақытында білім беру жүйесінде тәрбие беру ұлттық және рухани негізде үйлестіре жүргізуді қажет етеді. Осыған орай адам тәрбиелеу – адамзаттың ең бірінші аса маңызды қоғамдық қызметі, азаматтық борышы.

«Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деген. Өйткені ұрпақ тағдыры дегеніміз – қай заманда да ұлт тағдыры. Әрбір қоғамның дамуына байланысты бұл мәселе әрқалай шешілуде. Бүгінгі тәжірибемізде жастарға адамгершілік-рухани құндылықтардың даму жолдарын айқындап беру өзекті мәселе болып отыр. Білім беру ұйымдарының алдындағы негізгі мақсат- жастардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытып, қалыптастыру жолдарын ғылыми және практикалық тұрғыда зерттеу әрі оның әдістемесін жасау. Білім беру жүйесінде тәрбиенің оқытудан басымдылығы
және шын мәнісінде, тәрбиені оқытудың құрамдасы ретінде енгізу, адам бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастыру, оны тәжірибеде қолдану қағидалары қарастырылады.Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды. Бұл жастардың санасында рухани жаңғырудың басымдықтарын қалыптастырудың өзектілігін айқындады.

«Ең алғашқы ұлттық тәрбие әліппесі бала ес біле бастаған шақта пайда болатын сұрақ-жауаптар мектебі -дүниетаным және салт-дәстүр тақырыбынан бастау алмақ. Ұлттық тәрбие мәселесіне байланысты сұрақтардың тілі шыға бастаған баланың ересектерге себепті-себепсіз жаудыртуы тегін емес, Ол сұрақтар жөнінде өзіміздің жеке отбасылық өмірімізде кездескен «Ата неге бата береді?», «Құдай Ата қайда?», «Қозы неге маңырайды?», «Жер неге жасыл?», «Аспан неге көк?» т.б сұрақтар баланың біреуден үйренгені арқылы емес, керісінше ішкі жан-дүниесімен тығыз байланыста көрініс тапқанына ерекше мән беруіміз қажет. Ендігі арада біздер тілашар тұс пен мектепалды кезеңіндегі балаларға ұлттық тәрбиенің қай түрі немесе әдісі керек екенін білгеніміз абзал. Әрине, бүгінгі қоғамдық-психологиялық ахуал дегенде осы бағыттағы әлемдік тәжірибелердің озық үлгілері мен жетістіктері де назардан тыс қалмауға тиіс. Түсінген кісіге қазіргі заман көзімен қарасақ, қоғам түбегейлі өзгерген.

Бүгінгі қоғамдық қатынастар өкшебасар ұрпақты бәрібір өз дегеніне көндіруде. «Тіпті ұлттың құрамы да ала-құла. Ұлттың (отбасының) құрамы ала-құла болған соң, тілі де біркелкі емес. Осыған байланысты бүгінгі қазақ отбасының ұлттық тәрбиесі күрделі өзгерістерді бастан кешіруде.Ол үшін білім арқылы тәрбиелеудің әлемдік озық үлгілеріне арқа сүйегеннен ұтпасақ, ұтылмайтынымыз анық. Сонда ғана біз бәсекелестікке қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеуге қол жеткізе аламыз.»Халықаралық деңгейдегі білімнің басты ерекшелігі - күшті нарықтық бәсекеге қажет кадр даярлау болса, оның алғы шарты білім арқылы тәрбие берудің ішкі механизмін қалыптастыратын жүйе құру деген сөз.

Қорытындылай келе, ұлттық тәуелсіздік идеясын өскелең ұрпаққа насихаттауда әр ата-ананың рөлі де зор екенін ескерген жөн. Ата-аналар мектепке дейінгі тәрбиенің және балаларының рухани дамуының маңыздылығын және бұл кезең үздіксіз білім мен тәрбиенің маңызды кезеңі екенін түсінулері керек. Демек, ата-ана жас ұрпақты идеологиялық тәрбиелеудің негізгі көзі болып табылатын барлық білім беру мекемелерімен бірлесе отырып, осы міндетті жүзеге асыруға тікелей жауапты.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

БАЛА- БАҚШАДАҒЫ САБАҚТЫҢ ТӘРБИЕЛІК АСПЕКТІСІ

Ерқуатова Меруєт Райымбарліқызы
Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы
Аққайың бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

“Тәрбие тек дамыту ғана емес
адамның ақыл-ойы және оған белгілі көлемді беру
ақпарат, бірақ оған деген құштарлықты ояту
керек
онсыз оның өмірі ауыр еңбек
лайықты да, бақытты да бола алмайды.”
К.Д. Ушинский

Тәрбие белгілі бір құндылық бағдарын, мінез-құлық ұстанымдарын, бағалау жүйесін, өзіне, басқа адамдарға, еңбекке, қоғамға, әлемге деген көзқарасын қалыптастыру мақсатында адамға мақсатты түрде әсер ету (оқу процесінде, онымен қатар немесе одан тыс) бар. .

Балабақшадағы сабақтың тәрбиелік аспектісі

Тәрбиеші тәрбиелік аспектісі баланың жеке басын қалыптастыруда орасан зор маңызға ие. Мұғалім бұл үдерісте шешуші рөл атқарады, оқушылардың бойында адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік дағдыларды дамытуға жағдай жасайды. Бұл мақалада біз тәрбиелік аспектінің сабақтағы маңыздылығын, оның негізгі принциптері мен қолдану әдістерін қарастырамыз.

Заманауи білім беру тек академиялық жетістіктерді ғана емес, сонымен бірге әрбір баланың жеке басының дамуын да мойындайды. Сондықтан адамгершілік құндылықтарды, этикалық мәдениетті және белсенді азаматтықты қалыптастыруға мектептегі білім берудің басынан бастап көбірек көңіл бөлінуде. Сабақтар осы қасиеттерді қалыптастырудың орталығына айналады, мұнда балалар дүниені пәндік білімдерін меңгеру арқылы танып, сонымен бірге эмоционалдық интеллектуалдылығын дамытуға мүмкіндік алады.

Бастауыш сынып мұғалімдері балаларды тәрбиелеу үдерісінде ерекше рөл атқарады. Олар тек білім таратушы ретінде ғана емес, сонымен қатар мінез-құлық үлгілері және өз оқушылары үшін беделді тұлғалар ретінде де әрекет етеді. Сабақтың мазмұны, тапсырмаларды таңдау және жұмыс әдістері арқылы мұғалім пәндік біліммен параллель деңгейде толеранттылық, жауапкершілік немесе командалық рух сияқты қасиеттерді қалыптастыру жұмысын жалғастыра алады.

Тәрбиеші сабақтың тәрбиелік қызметінің маңызы

Бала бақшадағы сабақтың маңызды қызметтерінің бірі оның тәрбиелік аспектісі болып табылады. Тәрбие баланың жеке басын және оның қоршаған ортаға деген құндылық қатынасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Тәрбиеге бағытталған сабақтар тәртіп, еңбекқорлық, басқаларды сыйлау, жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу сияқты қасиеттерді дамытуға ықпал етеді.

Бастауыш сыныптағы сабақтың тәрбиелік қызметінің маңыздылығы дәл осы жаста баланың дүниетанымы мен құндылықтарының негіздері қалыптасуынан көрінеді. Сабақтар өзін-өзі реттеуді, эмоционалдық интеллектті және моральдық шешім қабылдау қабілетін дамытудың тамаша құралы бола алады.

Сабақтың тәрбиелік аспектісі қоғамда табысты өмір сүруге қажетті негізгі дағдыларды қалыптастыруға да көмектеседі. Қарым–қатынас жасау, ұжымда жұмыс істей білу, басқаларға төзімділік пен сыйластық таныту - бұл дағдылардың барлығын сабақта, бірлескен жұмыс және маңызды мәселелерді талқылау барысында дамытуға болады.

Сонымен қатар, бастауыш сыныптағы сабақтың тәрбиелік аспектісі оқуға және оқу үдерісінің өзіне деген саналы көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі

Тәрбие нәтижелерінің мақсатты бағдарлары

Федералдық мемлекеттік білім стандартына сәйкес тәрбие бағыттары бойынша бастауыш жалпы, негізгі жалпы және орта жалпы білім беру деңгейлерінде тұжырымдалған.

Міне, кейбір бағыттар:

1. Азаматтық тәрбие.
2. Патриоттық тәрбие.
3. Рухани-адамгершілік тәрбие.
4. Эстетикалық тәрбие.
5. Дене тәрбиесі.
6. Еңбекке баулу.
7. Экологиялық тәрбие.
8. Ғылыми білімнің құндылығын тәрбиелеу.

Мақсатты бағдарлар білім алушыларды ресейлік негізгі (азаматтық, конституциялық) құндылықтар негізінде тәрбиелеудің инвариантты мазмұнына сәйкес анықталады.

Тәрбиелік аспектісі арқылы әлеуметтік дағдыларды дамыту

Әлеуметтік дағдыларды тәрбиелеу және дамыту бастауыш мектептің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл үдерісте сабақтың тәрбиелік аспектісі маңызды рөл атқарады. Сабақ барысында балалар мұғаліммен және құрдастарымен қарым-қатынас жасайды, олар ынтымақтастықты,

төзімділікті және басқаларға құрметпен қарауды үйренеді.

Тәрбиеші балаларға ұжымда өзін қалай ұстау керектігін, диалогты қалай жүргізу керектігін, сондай-ақ жанжалды жағдайларды шешуді көрсетеді. Ол балаларды ынтымақтастыққа және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ынталандырады. Осылайша, сабақтағы қарым-қатынас пен топтық жұмыс барысында балалар зейінділікке, басқаларды тыңдауға, олардың пікірін құрметтеуге үйренеді.

Бала бақшадағы жағымды тәрбиелік ахуал қалыптастырудағы мұғалімнің рөлі

Тәрбиешілердің сабақта жағымды тәрбиелік ахуал қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ол тек тәрбиеші ғана емес, сонымен бірге әр оқушының жеке басының дамуына әсер ететін тәрбиеші. Мұғалімнің рөлі - балалармен сенімді қарым-қатынас орнату, олардың дербестігі мен өзін-өзі жүзеге асыруын қолдау. Мұғалім әр оқушының қажеттіліктеріне мұқият болып, балалардың өзін-өзі бағалауын қолдап, қиындықтарды жеңуге көмектесуі керек. Ол олардың жетістіктерін көтермелеп, өз қабілеттеріне деген сенімділікті дамыта білуі керек.

Сабақта жағымды тәрбиелік ахуал қалыптастыру балалардың қызығушылықтары мен тілектерін, олардың бір-бірімен және мұғаліммен қарым-қатынасын ескеруді көздейді. Мұғалім оқушылардың белсенділігі мен бастамашылығын ынталандыруы, қарым-қатынас және әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал ететін ұжымдық іс-шаралар өткізуі керек.Сабақтың тәрбиелік аспектісі оқушылардың бойында жауапкершілік пен дербестікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін міндеттерді бөлуді қамтиды. Мұғалім оқушылардың алдына бірлескен жұмыс пен өзара көмекті қажет ететін міндеттер қояды.

Қорытындылай келе, оқушылардың тәрбиесі мен әлеуметтенуіне, тұлғалық және оқу дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтың әлеуетін жүзеге асыру сабақты нәтижелі және заманауи етеді деп айтқым келеді.

Пайдаланған әдибеттер:

Елубаев Ескен. Балаларға базарлық: Өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. – Алматы: "Алматы кітап", 2007 жыл

Бұл кітаптағы оқуға жеңіл өлең, тақпақтар, ой дамытатын жұмбақтар мен жаңылтпаштар оқырман үшін жеңіл де қызықты..

Алдар көсе: Ертегі – Алматы: "Алматыкітап" ЖШС, 2007 жыл

Қазақ ертегілері – Алматы: "Балауса баспасы". 2003 жыл

Қазақ ертегілері – Құрастырған: А. Сәулебаева. Суретші: Г. Ф. Алматова – Шымкент. ПТ "Шикула и К0". 2003 жыл

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ-ЗАМАН ТАЛАБЫ

Ерназарқызы Нәзипа
№3Хромтау орта мектебі
бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі заман талабы – ғылым мен техниканың деңгейін әрбір оқушыға саналы да терең білімнің берілуін талап етеді.Сондықтан да мектептегі оқу үдерісінің негізгі мақсаты – әртүрлі педагогикалық әдіс – тәсілдермен жүйелі түрде оқушылардың шығармашылық ойларын дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру болып саналады.Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында, терезесін тең ететін – білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқу үрдісін техникаландыру сарапталып жаңашыл педагогтардың іс-тәжірбиелері зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақтылығы, білімділігі қажет. Елбасымыздың жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет». Жаңа білім берудің негізгі мақсаты- білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда.Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Осы тұрғыда әр пән мұғалімдерінің оқыту әдістерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану және авторлық үлгілерді қолдану мүмкіндігі берілген. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Осындай жаңа технологияларды қолдана отырып, сабақ беру мені қуанышқа бөлейді.Ал, енді жаңартылған бағдарлама бойынша білім беруге келсем, жаңартылған оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту техникалары мұғалімді шабыттандырып, одан сайын қанаттандыратыны анық. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзіреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама.

Жаңартылған білімберу бағдарламасын тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс–тәсілдері: белсенді оқу, бірлескен оқу, модельдеу, саралау, т.б. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым–қатынасқа түсу, жеке, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықпен қолдана білу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі: спиральді қағидатпен берілуі. Әрине, жаңашылдық болғаннан кейінзаман талабына сай қиындықсыз болмайды. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім», – деп бекер айтылмаған. Бала оқыту жүйесінде мұғалімдерге үлкен міндет жүктелетіні айдай анық. Сол міндетті абыроймен атқару үшін күні-түні іздену, әлемдегі озық әдіс-тәсілдерді барынша мектеп өміріне ендіру – ұстаздар үшін парыз. Сонда ғана елбасымыз айтқандай озық және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін құра аламыз деп ойлаймын. Әлемдік «Мак Кинзи» компаниясының кеңесшісі, Ұлыбританиядағы білім сапасының сарапшысы М.Барбер «білім беру нәтижесін түбегейлі өзгертудің басты үш факторы бар, олар: педагогтік қызметке соған лайық адамдардың келуін қадағалау, оларды оқытушылық қызметін тиімді жүргізуге қажетті деңгейде даярлау және әрбір білім алушыға сапалы білім беруге қолайлы жағдай туғызу. Өйткені, кез-келген білім беру ұйымындағы білім сапасы онда жұмыс істейтін оқытушылар сапасынан жоғары болуы мүмкін емес» деген. Ол сонымен қатар, өзінің көптеген елдерде жасалған зерттеулеріне сүйене отырып, «әлемдегі нәтижесі жоғары білім беру ұйымдарын басқарудағы бәріне ортақ қасиет – ұйым жұмысындағы сапалы өзгерістерге қол жеткізудің бірден-бір факторы педагогтерді дамытуға қажетті жағдайлардың жасалуы» деп тұжырым жасаған. Елбасы Жолдауында елімізде білім беру саласын

дамытудың жаңа міндеттерін нақты белгілеп берді. Осы міндетті іске асыру білім саласы қызметкерлері мен ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Мемлекет тарапынан білім деңгейін және ұстаздар беделін көтеру жолында көп игілікті істер атқарылуда. Білім сапасына қойылатын жаңа талаптар білім мазмұнын игеруде мұғалімнің оқушымен қатар тұруын қажет етеді. Оқушылар білімін критериалдық бағалау оқыту мен білім беруге деген әртүрлі тәсілдемелерді пайдалануға, оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингісін уақтылы жүргізуге, мұғалімге сабақты қажетті мазмұнмен толтыруға мүмкіндік береді, оқушылардың оқуға деген уәждерін арттырады, оқытудың заманауи әдістерін біріктіреді. Мемлекеттік білім стандарт деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді. Оқушылардың білімі тереңдеп, өрістері кеңейген сайын олар одан кейінгі оқуын жалғастыру мен еңбек етуге жақсы даярланып шығатын болады. Мемлекеттік білім стандарт деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді.

Оқушылардың білімі тереңдеп, өрістері кеңейген сайын олар одан кейінгі оқуын жалғастыру мен еңбек етуге жақсы даярланып шығатын болады Оқушылардың қазіргі заман талабына сай мектеп қабырғасында біліммен қаруларын шығуының бірден - бір жолы - күннен күнге ұлғайып отырған ақпарат көлемін игеруге мүмкіндік беретін жаңа білім беру технологияларын енгізу болып табылады.Оқушылардың білім алу процесін жетілдіріп, оны игеруді жылдамдата алатын жаңа педагогикалық тәсілдер балаларға ақпараттық технологиялар жағынан терең білім алуға көмектесіп, кейіннен жоғары оқу орындарында да табысты түрде оқуға кепілдік береді.Мұндай технологияларға Жобалар тәсілін, Модульдік оқытуды, бір мәселеге баса назар аударту арқылы оқыту, әркімді деңгейіне қарай жетілдіру және тұлғаға бағытталған оқыту элементтері, ойы программалары мен тест арқылы тексеру істерін жатқызуға болады. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың әдіс - тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру болып табылады. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді.Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді.Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени - ғылыми прогресспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді.Қай мемлекеттің де негізгі тірегі - асқақтаған күмбездер де, ғимараттар да, экономикалық жағдай да емес, білімді де білікті, іскер де, белсенді адамдар. Осы мәселенің бәрін жинақтай келе жаңа заман мұғалімі — рефлекцияға қабілетті, өзін- өзі жүзеге асыруға талпынған әдіс- тәсілге бай , зерттеушілік қабілеті жоғары, дидактикалық -әдістемелік, ақпараттық және басқа да құзіреттіліктің жоғары деңгейімен сипатталған рухани адамгершілікті , азаматтық жауапты , белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға болуы тиіс. Келешекте ұстаздық жолындағы әр мұғалімнің мақсаты — жаңа заман талабына сай тұлға қалыптастыруда.Жаңашыл ұстаз -заман талабы. Теориялық білімін тәжірибе жүзінде іске асыра алатын, жауапкершілігі жоғары , ізденімпаз жеке тұлға болуы тиіс. Ең жақсы мұғалім — шәкіртінің жанын түсінетін, оны өз перзентіндей сүйе алатын, оқушы үшін бойындағы барын беретін , барлық білімді жібермей, шәкіртін өздігінен білім алуға жетелейтін мұғалім.

Жаңартылған білім берудегі басымдылық – оқушының «қоғамның субъекті» ретіндегі өзіндік іс – әрекетін дамытуға бағытталады да, оның еліміздің әлуметтік – экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға құзіретті тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Білім берудің инновациялық технологиясы – бірыңғай мақсатпен біріккен және оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық технологияларды қамтыған, оқыту, тәрбиелеу және басқару түрлерінің, әдістері мен оқу құралдарының жиынтығы. Оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік дағдыларды меңгертумен қатар дүниетанымын кеңейтіп, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы деп отырмыз. Бұл, әрине ұстазға да көп ізденісті талап етеді. Өйткені, «Шәкірт – біліммен толтыратын бос құмыра емес, ол жануға дайын тұрған шырақ, ал ұстаз шырақшы ғана...». Сондықтан, білім беру саласындағы оқытудың озық жаңа техналогияларын меңгермейінше, сауатты маман болу мүмкін емес. Осыған орай, әрбір ұстаз барлық жаңалықтар мен әдістерден хабардар болып, оқыту түрлерін, әдіс-тәсілдері мен құралдарын жетілдіріп, оларды тиімді қолдану жолдарын іздестіріп, өз кәсібін шығармашылықпен дамытып отыру қажеттілігі заман талабынан өз-өзінен туындап отыр.Білім беруді ұйымдастырудың дүние жүзілік тәжірибесінде көптеген оқыту технологиялары жүзеге асырылуда. Ондағы мақсат–оқушылардың танымдық қабілеттерін, яғни өзінше ойлау қабілетін арттыру,елестету мен есте сақтауын, дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз ету. Жалпы білім беруде баланың білімін, білігі мен дағдысын емес,оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын бірінші қойып отыр. Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын, белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы.Сондықтан, бүгінгі таңда ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және тиімді әрекетке дайын, өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекеті

мен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті, отбасындағы, қоғамдағы, еңбек ұжымындағы әлуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Бүгінгі заманға сай жаңа технологиялардың , жаңа әдіс – тәсілдердің даму үдерісін арттыруға көп көмегі тиеді . Заман талабына сай ұрпақтың дамуына жан – жақты қолдау көрсетіп, шеберлік таныту біздің үлесіміз. Жаңартылған білім беру - заман талабына сай мұғалімге жүктелетін міндет өте ауыр, тек өз ісіне берілген жаңалықты жатсынбай қабылдайтын ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж
3. « Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж
4. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012ж

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

СИСТЕМА РАБОТЫ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ЛЕКСИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ С НАРУШЕНИЯМИ СЛУХА НА УРОКАХ ЧТЕНИЯ

Ершекенова Зауреш Кажиахметовна
Учитель начальных классов
г. Актобе

Главная задача школы для неслышащих детей – развитие коммуника-тивной стороны речи. Развитие речи как средства общения.

Возникновение опыта связано с тем, что на протяжении многих лет про-слеживалась проблема в понимании детьми с нарушенным слухом смысла читаемых произведений. Это было обусловлено тем, что возникали трудно-сти в усвоении новой лексики, в овладении неслышащими школьниками младшего школьного возраста основным словарем произведения, созданию определенного эмоционального настроя. Что является необходимым услови-ем для восприятия неслышащими детьми литературных произведений. По-этому проблема развития речи неслышащих школьников по-прежнему акту-альна.

Началом работы по данной теме стало проведение на начало учебного года в первом классе для неслышащих детей ,констатирующей диагностики по выявлению уровня владения учащимися необходимого словаря для по-нимания ими читаемых текстов. Результат диагностики показал, что учащие-ся испытывали трудности в понимании прочитанного текста, т.к. их словар-ный запас был крайне ограничен, разрознен; дети не умели строить ассоциа-тивные связи между словами; не знают значения многих слов, а поэтому не могут понять и общий смысл читаемого.

Новизна опыта состоит в создании системы словарной работы на уро-ках чтения у неслышащих учащихся начальных классов, посредством ком-плекса различных упражнений и приемов объяснения новых слов и словосо-четаний. Предложенная тема опыта раскрывает вопросы развития речи не-слышащих детей в специальной школе, использования предложенных видов работы над пониманием текста в контексте их речевого развития.

Цель педагогической деятельности - создание системы словарной рабо-ты на уроках чтения для осмысленного восприятия неслышащими школьни-ками содержания и художественного богатства литературного произведения.

Задачи педагогической деятельности:

- раскрыть значение слов, необходимых для понимания смысла читае-мого и усиления этико-эстетического воздействия на учеников;
- расширить словарь неслышащих детей путем организации речевой практики и введения новых понятий в активную речь учащихся;
- познакомить школьников с нарушениями слуха с выразительными языковыми средствами, ввести их в речь детей, сделав ее более выразитель-ной и эмоциональной;
- развить связную устную и письменную речь неслышащих учащихся начальных классов.

Моя педагогическая практика в работе с младшими школьниками с нарушениями слуха основана на понимании того, что успешное формирова-ние лексической компетенции — это многогранный процесс, требующий ин-теграции различных подходов и технологий. В своей работе я придержива-юсь следующих ключевых принципов:

• Принцип компенсации: я рассматриваю дефицит слуховой информации не как непреодолимое препятствие, а как стимул для развития компен-саторных механизмов, активно задействуя зрительный, тактильный и кинестетический каналы восприятия.

• Принцип деятельностного подхода: я убеждена, что знания не должны оставаться абстрактными, они должны активно применяться на практи-ке. Именно поэтому я организую учебный процесс таким образом, что-бы дети не просто пассивно воспринимали информацию, а активно участвовали в ее освоении.

• Принцип индивидуализации: каждый ребенок уникален, и поэтому я считаю необходимым адаптировать учебный процесс к индивидуаль-ным особенностям и потребностям каждого ученика.

• Принцип технологизации: активно использую цифровые технологии как мощный инструмент для повышения эффективности обучения, со-здания интерактивной образовательной среды и обеспечения доступно-сти информации.

• Принцип коммуникативной направленности: я считаю, что лексическая компетенция должна

формироваться не ради самой компетенции, а ради успешного общения. Поэтому я уделяю особое внимание формиро-ванию навыков использования лексических единиц в различных ком-муникативных ситуациях.

В своей работе я использую широкий спектр методик, которые постоянно совершенствую и адаптирую к потребностям моих учеников. Среди них:

- Диагностические методики: использование стандартизированных те-стов и авторских диагностических заданий для определения уровня сформированности лексической компетенции.
- Методика формирования лексической семантики: различные способы объяснения значений слов (толкование, подбор синонимов и антони-мов, контекстуальное объяснение, визуализация с помощью цифровых ресурсов).
- Методика развития лексической грамматики: работа над морфологиче-ским и синтаксическим строем языка с использованием интерактивных упражнений и тренажеров.

Мой выбор методов и технологий обусловлен пониманием того, что со-временный урок должен быть не только эффективным, но и увлекательным, интерактивным, а самое главное — адаптированным к индивидуальным по-требностям каждого ученика.

В результате реализации разработанной системы работы я наблюдаю значительные положительные изменения в развитии лексической компетен-ции моих учеников:

- Увеличение словарного запаса: дети демонстрируют значительный прирост как активного, так и пассивного словарного запаса, овладевая новыми лексическими единицами и их значениями.
- Улучшение понимания: повышается уровень понимания семантики слов, их связей в контексте и их использования в речи.
- Развитие грамматических навыков: дети демонстрируют прогресс в формировании морфологических и синтаксических навыков, что спо-собствует более грамотному и связному выражению мыслей.
- Активизация речевой деятельности: дети стали увереннее использовать лексику в различных видах речевой деятельности: от простых диалогов до более сложных и проектных работ.
- Повышение мотивации: ученики проявляют больший интерес к учебе и активно участвуют в учебном процессе, особенно при использовании цифровых технологий

Для того чтобы определить результативность словарной работы на уроке чтения, в конце каждой четверти проводилась диагностика навыков чтения. Итоги отмечались в таблице «Индивидуальных достижений учащих-ся».

Положительная динамика во многом достигнута за счет использования на уроках чтения системы словарной работы посредством различных мето-дических приемов. Анализ показал, что при их применении увеличивается количество положительных оценок, улучшается речь, обогащается словар-ный запас.

Несмотря на позитивные результаты, в процессе работы я столкнулась с ря-дом проблем:

- Неравный доступ к цифровым технологиям: не все ученики имеют рав-ный доступ к цифровым ресурсам дома, что создает определенные трудности в реализации образовательного процесса.
- Необходимость постоянного обновления контента: цифровые образо-вательные ресурсы требуют постоянного обновления и адаптации к ме-няющимся требованиям и потребностям учащихся.
- Потребность в постоянном профессиональном росте: для эффективного использования цифровых технологий необходимо постоянно повышать квалификацию и осваивать новые компетенции.

Подводя итоги, хочу отметить, что разработанная система работы по формированию лексической компетенции младших школьников с нарушени-ями слуха на уроках чтения с использованием инновационных подходов и цифровых технологий является эффективным инструментом для достижения высоких результатов. Данная система способствует развитию не только лек-сических навыков, но и формированию коммуникативной компетенции, раз-витию познавательной активности и мотивации к обучению.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС

Жаппакова Актолкын Жольосыновна
Хромтау қаласы, Ақтөбе облысы
№3 Хромтау орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

«Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы»
Ғ. Қайырбеков

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтып кеткендей білімді де білгір шәкірт тәрбиелеу ұстаздан басталары сөзсіз. Ұстаз-киелі ұғым.Осы ұлағатты сөздің астарында білімділік те,ақылдылық та,мейірімділік те,зерделік те жатқан жоқ па?

Мен өз мамандығымды мақтан тұтамын. Бүгінгі кіп- кішкентай бала –ертеңгі азамат –демекші, алдымыздан қаншама азаматтар мен азаматшалар қанаттарын қатайтып, үлгі тұтар отбасы бала тәрбиелеп отыр. Шәкірттерімнің бірі қалада,бірі ауылда өмір сүріп бірі – дәрігер, бірі –кәсіпкер, бірі – мұғалім қызметін атқарады. Мен қатты қуанамын, бұл менің жемісім деп білемін. Мен оған қуанамы, жігеріме қанат біткендей болады, шәкірттерімнің түрлі салада маман иесі болғанына ризамын.Ұстаз-адамдықтың диқаншысы.Адам тәрбиелеудің,жеке тұлғаны қалыптастырудың бағбаны.Кіршіксіз,пәк сезімді жас ұрпақты арман жолына жетелейтін де,білімнің қия шыңына көтеретін де ұстаз. «Ұстазы жақсының –ұстамы жақсы» деп ғажайып дүниенің сырын ашқан,өмірдің қыр-сырын меңгеретін де ұлық тұлғалар.Ендеше ұстаз білімнің отын жағып,бал-шырын нәрін шәкірт бойына сіңірудің әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген мұғалім болу-адам бойындағы ұлы қасиет.Ол жүректің батырлығын да,сезімнің ақылдылығын да,мінездің жайлылығын да,білімнің байлығын да топтастырып,бір арнаға тоғыстыратын,бір сөзбен айтқанда ұстаз-асыл қасиеттердің жиынтығы. Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған.«Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім - тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық.Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында.

Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы - жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі - мұғалім.

Менің өзіме қояр талабым, алдыма қойған мақсатым жоғары.Ұстаздардың ғылымның соңғы жаңалықтарын күнделікті сабақтарында пайдалануда білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялардың орны ерекше.

Жаңа педогогикалық технологиялар арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырудың жаңашылдығы ерекше. Ақпаратпен жұмыс істей алу білімін қалыптастырады және қатынас жасау қабілетін туғызады. Жаңа таным құралдарын пайдалануға және ұйымдастыруға жағдай жасайды. Білім беруді ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Оқушылар өзіне қажетті ақпаратты жедел түрде алады. Білім сапасын арттыруға септігін тигізеді. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады. Оқытудың ой - өрісін, дүниетанымын кеңейтеді. Алған білім негізін дамыта отырып оқушының шығармашылық деңгейін шыңдап, жетістіктерге жетуіне көмектеседі. Жаңа ақпаратты жинақтап салыстырып, жүйелеп, нақты қорытынды жасап дәлелдейді. Алған білімін талдап, жинақтап, жүйелілікке қалыптасады.

Мен өзімнің таңдаған мамандығыма үлкен жауапкершілікпен қараймын Ш.А.Амонашвилидің «Мұғалім өз сабағын сүймесе, оған өзі сүйсіне білмесе, ол шәкірт бойында да сүйіспеншілікті дарыта алмайды...» деген сөзі босқа айтылмағаны белгілі. Себебі, мен әр сабағымда оқушымен қарым - қатынасты, олармен сөйлеу мәнерін, сабақты ашып түсіндіру, оқушы бойына қызығушылық туғызып, оқушының жан - жақты болуына үлкен көзқараспен, сенімділікпен қараймын. Сонымен қатар оқушылардың ойын жинақтай отырып, еркін, қысылмай сөйлеуіне жете көңіл бөлемін. Кәсіби міндетім - бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан балалардың ақыл - ой ынтасын көтеріп, білімді игеруге ынтасы мен дағдысын қалыптастыру, ойлау қабілетін шыңдау, сөйтіп жан - жақты дамыған, жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын, білімді жас жеткіншектер тәрбиелеп шығару. Жаңашыл ұстаз шәкіртке жан - жақты білім беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік ақпарат кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жайында өмір сүруге тәрбиелеу - өзімнің басты парызым деп санаймын. «Бұлақ көрсең, көзін аш»деген халық даналығы бар емес пе? Осы шәкірттерімді «Мыңнан тұлпар,жүзден

жүйрік» атануға лайық,білімге деген құштарлықтары мен сүйіспеншіліктерін арттыруына жауапкершілікпен қарау -менің міндетім.Білім мен тәрбиені қатар бере отырып,осы шәкірттерімнің талаптарына нұр жауса екен деймін. «Өнерлі өрге жүзеді», «Талаптыға нұр жауар»,«Өнерлінің өрісі кең» деген қанатты сөздермен қанаттандырып отырамын.Әлі де балапан қанаттары қатаймаған шәкірттерім талай байқауларға қатысып,талай бәйгенің жүгенін ұстайтындарына ұстаздық жүрегім күмән келтірмейді.

Қорыта келгенде, өз уақытын аямайтын, өзгенің бақытын аялайтын, баламен баладай тіл табыса білетінашық мінезді, қайсарлы, шығармашыл, ізденпаз жан деп білемін. Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді төмен түсіретін де – білім.

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ (ҒЫЛЫМИ БАЯНДАМА)

Жомартқызы Шұғыла
Ақтөбе қаласы «№1 орта мектебі КММ
Тарих пәнінің мұғалімі

Әлкей Марғұлан – Қазақстанның археология мен этнография мектебінің негізін қалаушы, энциклопедист ғалым. Ол ғылыми саладағы тамыры тереңге кеткен тарихи-мәдени мұраларды жарыққа шығарды. Ғұлама ғалым археология, мәдениет, өнер тарихы, қолданбалы сәулет, қазақ тілі ғылымы саласында көп еңбек етті. Бүгінгі біздің зерттеуімізге арқау болып отырған оның этнография саласы. Әрқайсысы атан түйеге жүк болатындай ғалымның зерттеу еңбектерінің мұрасы ұшан-теңіз. Өшпейтін мұрасы әлі талай ұрпаққа азық болатыны сөзсіз. Ғұлама ғалым қазақ этнографиясының қосқан үлесі көп. Ғылымға араласқаннан кейін, халықтың шығу ата-тегінен бастап, тұрмыс-тіршілігіне дейін зерттеді. Жалпы, Әлкей Марғұланның есімі Алаш ордамен тығыз байланысты. Алайда сол кездегі құдалаудың кесірінен көп қиындық көреді. Саясатты сынап жазбау керегін түсінеді. Жазушы Тұрсын Жұртбай да бір сұхбатында ғалымның кеңес үкіметі тарапынан ғалымның биліктен қысым көргенін айтады. «1930 жылдан бастап Әлкей Марғұлан тарихшы, қазақ интеллигенциясының өкілі ретінде қуғынға түсті. Алаш қайраткелері ұсталғаннан кейін жас алашшылар бақылауға алына бастады. Міне, олардың қатарында Әлкей Марғұлан да болды. Қауіпсіздік комитетінің архивінде Әлкей Марғұлан «Мағжаншыл ғалым» ретінде тіркелді. Себебі, қазақтың ақыны Мағжан Жұмабаев Ақ теңіздің жағалауындағы түрмеде жатқан кезде оған Әлкей Марғұлан барып, қаржылай көмектесіп тұрған. Қауіпсіздік қызметкерлері Әлкейді біліп қалып, соңынан адам салып, іздестірген. «Мағжанның жырына табынатын студент жігіт келіп кетті. Кім екенін іздеп көрейік» деп билікке хабар жеткізген. Одан кейін Қаныш Сәтбаев та саясатқа араласпау керегін ескертіп, ғылым жолына түсуге кеңес берген. «Сен енді идеологиясы аз, қазақ этнографиясы мен археологиясының тарихын зертте. Мұнда саған идеологиялық құдалау болмас», – деп кеңес берген. Ал тарихшы Мәмбет Қойгелді оның себебін былай түсіндіреді: «Неге Әлкей Марғұлан қазақтың көне тарихы мен этнографиясын зерттеді?! Өйткені ол Алаш зиялыларының жанында жүріп есейді.

1920-30 жылдардағы репрессия кезінде Әлкей қазақ археологиясы мен этнографиясын зерттей бастады. Себебі ол саяси тақырыптарда жазбау керегін түсінді», – дейді тарихшы-ғалым. Әлкей Марғұлан Оңтүстік Қазақстанда, Сырдария, Талас және Шу өзендерінің бойынан ежелгі қала мәдениетінің іздерін зерттеді. Отырар, Тараз, Сайрам және Сығанақ қалаларында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізумен бірге сан алуан көне аңыз әңгімелер, ертегілер мен эпикалық жырлар нұсқаларын ел арасынан көптеп жинады. Нәтижесінде қазақ ғалымы 1950 жылы Қазақстандағы көне қалалар тарихы туралы көлемді монографиялық еңбегін жазып шығады. Бұл шығармада бірінші рет көне Қазақстандағы барлық қала өркениеті мен негізгі сауда орталықтарына жан-жақты ғылыми сипаттама, терең талдау жасалды. Сондықтан Әлкей Марғұлан Қазақстандағы археология ғылымының негізін салушылардың бірі болып саналады. 1945 жылы ол «Қазақ халқының эпикалық жырлары» туралы докторлық диссертациясын қорғайды. 1960 жылы Әлкей Марғұланға профессор атағы берілді. Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты ғылыми-зертханалық еңбек жазып, кітаптың редакциясын басқарды. Ә.Марғұланды алғашқы қорқыт¬танушы десек болады. Ол оғыз-қып¬шақ тайпасынан шыққан данагөй абыз, жырау, күй атасы, батагөй-сәуегейі Қорқыт мұрасын да зерттеді. «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» атты еңбегінде қазақ жұртының эпикалық жыр дәстүрін дамытқан ақындарға, шебер орындаушыларға, сал-серілерге тоқталып, олардың сөз өнеріндегі орнын айқындады. Еңбектегі ғылыми тұжырымдар танымдық терең¬дігімен ерекшеленеді, онда көне ойшылдардан бастап Жанақ, Шөже, Арыстанбай, Марабай, Сүйінбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Иса секілді ақындар шығармашылығы талданады. Марғұланның «Тамғалы тас жазуы» атты зерттеуінде әдеби-тарихи һәм мәдени деректер молынан кездеседі. Ол сонымен қатар қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы ғылыми-зерттеулер ісінің дамуына үлес қосты. Қырғыз эпосын дүние жүзіне алғаш таныстырған Ш.Уәлиханов, кеңес заманында бастапқы зерттеулерді жүргізген М.Әуезов болса, кейіннен осы дәстүр Марғұланның «Шоқан және Манас» атты монографиясында жалғасты. Ол эпостағы өмір шындығы, жырдың шығу тегі, дәуірі, кейіпкерлері мен көркемдік кестесі және манасшылардың жырды жетілдірудегі қызметі, т.б. жөнінде ғылыми маңызы жоғары пікірлер айтты. 1957-1967 жылдары Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұраларын жинайтын топқа басшылық етіп, оның таңдамалы және 5 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарды. Оның ұсынысы бойынша қазақ даласының ең шалғай аудандарына бірнеше археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Ол өзіне дейінгі Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымдарының қазақ даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдеді. Ғалым 1940-жылдардың аяғында бірнеше рет саяси қудалауға түсті, кейін де ұдайы саяси бақылауда болды, ғылыми ортаның кейбір қисынсыз сындарына ұшырады. Оның қаламынан туған тарих, археология, этнография, әдебиет және өнер салаларына қатысты ондаған кітап, үш жүзден астам ғылыми зерттеу және жүзден астам энциклопедиялық мақалалар жарық көрді. Көшпенділер мен ата-тегіміздің өмірі, аңыздар мен миф дүниесі, кең дала, ашық ғарыш, киіз үй етене жақын болды. Академик Ә.Х. Марғұлан берілген мәліметтер бойынша 14 томдық негізгі еңбектерінен тұратын зор ғылыми мұра қалдырды. Тек қана шығармаларының толық жинағы, орасан еңбегі ғалымның ұлы мақсатын түсінуге мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде айтарымыз, Әлкей Марғұлан бұрмаланған тарих шындығының бетпердесін ашты. Ғалымның еңбектерінде көшпелі қазақтардың жері адамзат өркениетінің ежелгі орталығы ретінде сипатталады. Қазақ даласының сұлулығы мен ежелгі қалалардың мәдениетін ғалым жазудан жалықпаған. Оның еңбектері бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Қазақ жерінде өмір сүрген халықтардың ата-бабасы мен шығу тегін айқындап берді.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

КОГНИТИВТІ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОГНИТИВТІК ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР



Ибрагим Азамат Асылбекұлы
Ағылшын тілі үйірмесінің педагогы
Қызылорда қаласы, "Оқушылар мен жасөспірімдер үйі" МКҚК

Кіріспе

Технологияларды пайдалану арқылы балалардың білім алу сапасын арттырып, оларды әлеуметтік ортаға бейімдеуге, сондай-ақ олардың интеллектуалды қабілеттерін дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер*:

1. Акимова, Т. И. (2017). Ақыл-ой дамуының тежелуі бар балалардың психологиялық-педагогикалық коррекциясы. Алматы: Қазақ университеті.

2. Назарова, Л. В. (2019). Жаңа технологиялар мен мультимедиялық құралдардың танымдық процестерді дамытудағы рөлі. Санкт-Петербург: РХД.

3. Филиппов, А. М. (2016). Ақыл-ой дамуының тежелуі бар балаларды оқытуда жаңа технологияларды қолдану. Москва: Воронежское издательство.

4. Протасова, И. В. (2020). Ақыл-ой дамуының тежелуі бар балаларды оқытудағы педагогикалық әдістер мен технологиялар. Орынбор: Орал университеті.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ДОМБЫРА АСПАБЫНДА КӘСІБИ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІ ДАМЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕПЕРТУАР НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Нұрлан Әйгерім
Астана қаласы 1
Балалар музыка мектебінің
домбыра сыныбы педагогі

Әр бір елді әлемге танытатын – оның ұлты, тілі, мәдениеті. Ұлы қазақ халқының қасиетті киелі домбырасын бүгіңгі таңда білмейтін, шанағынан шыққан күйді естімеген, тыңдамаған мемлекет кемде кем. Домбыра – ерте заманнан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатқан, оның рухани жан серігіне айналған музыкалық аспаптардың бірі.

Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар, алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра, кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен.

Соңғы жылдары музыкалық оқу орындарында домбыра үйрету бағдарламалары қазіргі уақыт талабына сай жаңартылып, толықтырылуда. Домбыра репертуары әр ел композиторларының шығармаларымен молайтылып, аспаптың орындаушылық мүмкіндігін де арта түсуде. Дегенмен де күй шертудің дәстүрлік ерекшеліктерін, ұлттық бедер нақышын өз қалпында сақтауға барынша көңіл бөлуде. Күні бүгінге дейін домбыра тартуды үйрету мен оқытуда Л. Хамиди мен Б. Ғизатов «Домбыра үйрену мектебі», Х. Тастановтың «Алғашқы домбыра үйрену мектебі», Ө. Спанов «Домбыра үйренейік», А. Жайымов С. Бүркітов Б. Ысқақов «Домбыра үйрену мектебі» атты кітаптары музыкалық оқу орындарының студенттері мен оқушылары үшін негізгі құрал, басты бағыт бағдар болып келсе, қазіргі таңда Т. Қышқашбаев «Домбыраға арналған оқулық», Қ. Тасбергенов «Жақсыдан шапағат», Б. Нұржанов «Домбыраға арналған педагогикалық репертуар» т.б оқулықтар алдыңғы буын ұстаздар методикасының жалғасын тауып келеді. Кішкентай шәкірттермен жұмыс істеген қызық қой. Олар алғаш сабаққа үлкен қызығушылықпен, сеніммен келеді. Алғашқы сабақ кезінде шәкіртті орындыққа отырғызып домбыраны ұстату, оның құрылысын, қолды дұрыс қою, нота жаттату, нота ұзақтылықтарын уйрету барысында шәкірттен көп шыдамдылық пен төзімділікті қажет етеді, осы кезде оқушы тез арада домбыраны тартып, күй үйреніп ала алмадым деген ойымен домбыраға қызығушылығы азаюы мүмкін. Бұл жинақша кішкентай орындаушыларға шығарманы тез жаттауға, оларды жалықтырып алмауға бағытталған. Осы орайда күйсандықтың сүйемелдеуімен орындалатын әуенді шағын шығармалар – оқушыға дайындық барысында: музыкалық әуенді, ырғақты, ансамбльдік бірін-бірі сезіну, есту, есте сақтау сияқты қасиеттерді жан-жақты түсіндіріп, нақышына келтіріп ойнауға үйрету – менің алға қойған мақсатым.

Күй – қазақ халқының рухани асыл қазынасы. Қазақта күйшілік өнердің сан ғасырлық даму тарихы бар. Қазақ халқының аспаптық музыкасы, соның ішінде домбыраға арналған күйлер – ең жоғары кәсіби өнеріміздің бірі. Бізге жеткен күйлердің әуен ырғағы, тақырыбы мен мазмұны халықтың көкейкесті ой-арманынан туған. Ал, халық күйшілері сол күйлерді сақтап, келесі ұрпаққа жалғастырып отырған. Қазіргі домбыра үйрену әдістемесі ғасырлар бойы қалыптасқан күй үйрену тәжірибесінің қағидаларымен тығыз байланыста болуы керек. Халық күйшілері қалдырған күй үйрену тәжірибесінің негіздерін жинақтап, қазіргі домбыра үйренудің жүйелі әдіс-тәсілдерін жасап, домбыра үйренудің болашақтағы бағыт-бағдарын анықтап алуды өмірдің өзі талап етіп отыр. Ең бастысы – бұрынғы халық күйшілерінің күй үйрену тәжірибесінен адасып қалмау.

Оқытушы болашақ домбырашы дайындау барысында сабақ беру методикасы жүйелі түрде, жоғары кәсіби деңгейде болғанын мақсат етеді. Сабақ барысында ең алдымен назарға алынатын мәселе: домбыра шәкірттің жас шамасына, дене құрылымына сай болу керек. Яғни домбыра тым кішкентай немесе тым үлкен болса оқушының саусақтары жетпей домбыраны алдынан қарап, домбыра кейін қарай кетеді, бұл дегеніміз баланың омыртқасының қисаюына әкеліп соғады. Аспаптың қолайсыздығынан отырыста көптеген қате кетеді, дыбыс сапасы да бұзылады. Оқушы отырысында кездесетін кемшіліктер көбінде домбыра үлкен болғаннан басталады.

Домбыра үлкен болса ол бала пернені алдынан қарайды.

Пернені алдынан қараймын деп домбыраны кейін қарай тартады.
Домбыра шанағы үлкен болса сол шынтақ көтеріледі.
Сол шынтақ көтерілгенде сол иық көтеріледі.
Шынтақ иық көтерілсе білезік буын көтеріліп, қағыс салмақсыз қағылып сапасы болмайды.
Сол қол саусақтар домбыраға толық қойылмайды – кейін ысырылады, бұл дұрыс баспағанмен тең.
Төменгі ішектегі әлсіз дыбыстар осыдан шығады.
Бармақтың пернеден аса бүгілуі.
Оң аяқ төмен түседі.
Оң шынтақты домбыра түймесіне тіреп төмен ұстайды.
Оң қол білезік буын көтеріледі.
Салмақтың бәрі шынтақта қалады.
Домбыраның басы сол иықтан көтеріледі.
Отырысы бұзылады.
Оқушының оң жаққа қисаюы, омыртқа жүйесі дене бітімі бұзылуына әкеп соғады.
Сондықтан ең тиімдісі: шақ орындық, сиымды шанақ, лайық – сапты домбыра.
Сол үшін ұстаз үнемі оқушының отырысына мән беріп қадағалап, кемшіліктердің алдын алып отыруы міндетті. Осы кемшіліктерді алдын алуға қажеттісі – арнайы аспап (колледж, мектеп), машықтану (студент пен оқушы), орындаушылық тәжірибе т.б

Шығарма-күймен жұмыс жасау

Күй және шығармамен жұмыс – мамандық сабағының негізі, әдістермен әдістемелік шаралардың бар арнаға топтасуы. Оқушылар жылына жоқ дегенде 15 күй, 6-7 шығарма орындауға тиіс, конкурстарды есептемегенде. Домбыра үйретуде барлық репертуарды білу –әр ұстаздың міндеті. Күйді шығарманы үйрете бастағанда жалпыға бірдей заңдылықтар бар.
Репертуар оқушының жас шамасына сай болу керек.
Міндетті түрде шығарма жөнінде мағлұмат беру керек(жанр, стиль)
Композитор қақында түсініктеме(өмірі, өмі сүрген уақыты, шығарманың қағидасы)
Қиын тұстарына алдын ала жаттығулар, алыс перне аралықтары (скачект.б.)
Жәй екпінде нотадан оқу(көзбен жобалау, алыс перне аралықтарын анықтап алу, динамикалық жобаларын анықтау, саусақ кестесі, қағыс қарымы, позиция жоспары)
Бірден жаттауға тиім салу.
Екпінді өз дәрежесіне жеткізу.
Артикуляциялық белгілерін іске асыру.
Дыбыс тазалығын ұйымдастыру.
Шығарма күймен жұмыс жасағанда әуелі шығарманы талдаймыз.

Шығарма және оның авторы жөнінде жалпы деректер: Композитордың өмір жолы, шығармашылығы жөнінде мәлімет, өмір сүрген жылдары, негізгі шығармалары, шығармашылығына шолу жасау.
Музыкалық теориялық талдау: Шығарманың мазмұн болмысы, идеясы, образы, негізгі ойы, көркемдеуші ой жүйесі, оның элементтері, шығарма күрделі болса оның бөлімдері, шығарма болмысы, тақырыбы. Шығарма күйдің формасы, 1, 2, 3. Тональдығы, өлшемі. Әуеннің табиғаты, тақырыбы, әуендік құрылымы, (жәй, біртіндеп, секірмелі, хроматикалық жүйесі, қиын дыбыс аралығы – септима т.б). Сүйемелдеушімен арақатынасы жұмысы, Ырғақтың ерекшелігі, ауысуы, ақсақ (синкопа), іркіп (пунктир), паузаны сақтау т.б. Ладтың ерекшеліктері ауысу, ауытқу, т.б.
Шығармаға техникалық талдау: Қағыс түрлері (шертпе, төкпе), аймақтық ерекшеліктер, тербеліс түрі (білек, иық, білезік). Сол қол оң қол маңызы. Қағыстың дыбысталу мазмұны (легато, стаккато, нон легато, қысқа, ұзын,т.б.). Өрнектер (форшлаг, мордент, групетто, трель, глисандо флажолет түрлері т.б.)
Орындаушылық талдау: Шығарманың әсерлік түйіні – мазмұны. Музыкалық мәнерлік әдіс амалдар (екпін, бояу, иірім, шарықтау шегі, ою-өрнектері).
Ұстаздық талдау: Негізгі музыкалық шеберлік және орындаушылық тұрғысындағы мақсаттар оны іске асыру жолдары.
Күй-шығарма көркемдігін іске асыру жолдары

Шығарма күйдің музыкалық көркемдік тұрғысынан үйрету үшін бірден оның нотасын толық саралау, қиын жерлерін барынша игеру, автордың ойын, шығарманың мазмұнын дұрыс түсіне білуге тырысқан жөн. Шығарма мазмұнына байланысты орындау әдістерін талдау, дамыту керек. Сабақта жаңа шығарма үйренгенде оны бөлшектемеген жөн, тұтас басынан аяғына дейін бірнеше рет қарап барып, бөлшектеп саралау қажет. Ал оның орындау әдістерін саусақ кестесін, қағыстарын, қиын тұстарын игеріп болғаннан кейін түгелімен орындау керек. Осылайша қолға алынғанда ғана шығара күйді белгілі бір мезгілде үйреніп меңгеруге болады. Әрбір шығарма күйде техникалық қиын жерлері кездеседі. Мұндай жағдайда ұстаз шәкіртке жаттығулар береді. Бұл жаттығулар шығарма күйдің қиын жерлерін игеруге көмегін тигізе алатындай болғаны жөн. Жаңа шығарма-күй үйрену кезінде шәкіртті өз қатесін өзі жөндеуге және мейлінше қатесіз орындауға, тәсілдерін нақты үйренгену дұрыс үйрету керек. Егер шәкірт шығарманы қате жаттап алса, онда оны түзеуге қиын болады. Шығарма, күйді бірден жаттауға тағы болмайды, өйткені орындаудағы кемшіліктер мен шығарма нотасын үйренудегі қателер көбінесе шығарманы әлі толық түсініп үйреніп болмай, жатқа орындағандықтан шығады. Нотамен жиі қарауды талап ету керек. Тек сонда ғана жаңа шығарманы мазмұнына сай, оның техникалық орындаушылық тәсілдерін ойдағыдай меңгеріп үйрене алады. Ал қиын шығарма күйді бөліп бөліп жаттап, тек содан кейін түгелдей қосып орындаған қолайлы.
Шығарма күйді орындап үйренуді әр түрлі сатыға бөлуге болады.

Жалпы түсініктеме
Шығарманы басынан аяғына дейін орындап шығу. Бұл кезде шығарманың жалпы болмысымен танысады.
Өте жәй орындап , әр бір сөйлемді талдау.
Қиын жерлеріне көбірек тоқталу.
Қол қимылына жаттығулар беру.
Оны игеру жолдарын түсіндіру.
Ырғағымен әуенін бұзбау.
Шығарманы үйренуде саусақ кестесін дұрыс пайдалану.
Аппликатураны өзіне қойдырып уйрету, жаттықтыру.
Позицияна дұрыс пайдалану, бөле білу.
Тұтас игерумен қатар динамикалық белгілерді игеру.
Дыбыс сапасына жұмыс жасау.
Қағыс табиғатын саралау.
Ырғақты дұрыс ұғыну.
Шығарма күйдің сипатын бірден байқауға үйрету.
Жалпы күй шығарма таңдағанда шәкірттің жанына жақын шығармаларды ұсынып, оларды баяу екпінде орындатады. Шығарма күйлер барлық жағынан күрделеніп , өсу жолына кідіріс жасамай, жоғары орындаушылық дәрежеге жету керек. Шығарма-күй орындағанда бабына келтіріп тамылжыта, теберене орындау көркемдік мәнін жеткізе алғаны. Осы орайда халық әндерімен билерін домбырада орындап, орыс-батыс классиктерінің, қазақ халқының композиторларының арнайы шығармалары репертуарда болғаны жөн. Жан-жақты домбырамен шығарма күйлер орындатып, жоғары деңгей күйші дайындаудың мүмкіндігіне осылайша жетуге болады.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

Омарова Нуран Зейнеденовна
бастауыш сынып мұғалімі
Атырау облысы
Қызылқоға ауданы
«Жалпы білім беретін
№75 бастауыш мектебі»

Функционалдық сауаттылық – адамның айналасындағы ортаға барынша тез бейімделіп, сол ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша төселе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру — бүгінгі күндегі заман талабы. Осының ішінде оқу сауаттылығы - балалардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Қазақ тілі сабақтары жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады. Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігінескеріпқұру,оқусауаттылығынарттыруда маңызды роль атқарады. Соның ішінде оқылым дағдыларының ерекшеліктері оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы- мәтінмен жұмыс.

Оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой-толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі секілді қабілеттерін ашады. Оқушылардың бойында білім-білік дағдылары мәтінді оқу, ақпаратты қабылдау, мәтін ішінен іс-әрекетті белгілеу, ақпараттан түйінді ойды жинақтау мәтіннің мазмұнын бағалау арқылы сауаттылық

деңгейі артады;
Мәтінмен жұмысты толық қалыптастырудың мақсаты:
- оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне біліп олардың түйініне ой жүгірте білуге, мәтін мазмұнын өзіндік пайымдау жасауға, пайдалана білуге баулу.
Міндеттері:
-оқылым стратегияларың, оқу функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
-мәтіндерге өз тұжырымын жасай отырып, белсенділік таныту;
шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алуға даярлау;
-тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін
құзыреттілікті қалыптастыру жолдарын қарастыру;
-ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалайалатын тұлға даярлау.
Күтілетін нәтиже:
-мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтай алады;
-коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді орынды қолданады;
-диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізеді;
-оқылым стратегияларын (комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу) сауатты қолданады;
-оқылым және тыңдалым дағдылары бойынша мәтіннің мазмұнын түсінеді, практикада қолдана алады;
-ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалайалатын тұлға қалыптасады.
Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі: жаңашылдық немесе қолданыстағы бағдарламалармен салыстырғанда осы бағдарламаға енгізілген жаңа түсініктемені қалпына келтіру мақсатында ұсынылған авторлық бағдарлама жаңартылған білім мазмұнына негізделіп типтік-үлгілі бағдарлама мақсаттарына сүйене отырып құрастырылған.

Бағдарламаның ғылыми табиғаты– оның жаңа білім беру парадигмасы
философиясына, әдіснамасына, психологиясына және педагогикалық ғылым мен практиканың соңғы жетістіктеріне сәйкес әзірленіп,оқушыларға ұсынылған жұмыстар мына кезеңдерді қамтиды:

1.Мәтінмен таныс болғанға дейінгі жұмыс (сөздікпен жұмыс).

2. Мәтінмен тікелей танысу жұмысы (оқу, талдау, сұрақтарға жауап беру).

3.Мәтінмен таныс болғаннан кейінгі жұмыс (мәтін мазмұны бойынша тапсырмаларды орындау).

Бірінші кезеңде сөздікпен жұмыс жүргізу, сөз тіркесің, сөйлемдер құрай отырып, жаңа сөздерді барынша есте сақтауға тырысу, сурет бойынша жаңа сөздерді табу тәрізді жұмыс түрлері жүргізіледі.

Екінші кезеңде мәтін оқу арқылы оқушылардың тілдік норманы сақтау, орфоэпиялық нормаларды басты назарда ұстау, мәтін мазмұнын түсінуге тырысуға бағыттау жұмыстары жүзеге асырылады.

Танымдық оқылым – кез келген қызықты, танымдық мәні бар материалдарын оқып, түсіну. Танымдық оқу белгілі бір ақпаратты зерттеуден гөрі өмірден хабардар болу үшін жүргізіледі. Танымдық оқылым арқылы автор өзінің қабілеті мен қажетіне қарай мәтіннен маңыздысын жазып алады. Маңыздысын жазу арқылы мәтін мазмұнының 70 пайызы сақталады.

Зерделік оқылым – оқушы берілген материалды оқып, мазмұнын толық игеріп, сол мәтінге талдау жасай алуы. Оқушы бұл оқылым түрі арқылы материалды игеріп, сол материал бойынша жазбаша талдап, өзіндік сыни көзқарасын білдіреді.

Ізденімдік оқылым – берілген материалдардан оқушы өзіне қажетті ақпаратты іздеп, тауып, пайдалана алуы. Ізденімдік оқылымда оқушы материалды шолып өтіп, тек қажетті ақпараттарды түртіп алады. Оқушы жаза отырып, есте сақтау қабілетін нығайтады және көру қабілетін ұштайды.

Көрсетімдік оқылым – берілген материалдарды жүйелеп қарап шығып, оның не туралы екенін қысқаша анықтап беру, тақырыбын айқындау, ең басты мәнің, ерекшелігін танып көрсету. Оқушы мәтіннің тақырыбы мен идеясын ашып, көтерілген мәселені жаза алады. Мәтінмен таныс болғаннан кейін алған түсініктерін бекіту, есте сақтау, монолог пен диалог дағдысын дамыту үшін алуан түрлі тапсырмаларды қолдануға бо лады.

Тілдік дағдыларда әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жүйелі жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың сөздік қорын байытуға, шығармашылық, сыни тұрғыдан ойлай алуға, метатанымдық дағдыларын қалыптастыруға, өзіндік пікір-көзқарасын жазуға, ойларын жүйелі жеткізуге мүмкіндік береді.

Оқушының оқу өніміне конспект, тезистер, тарихи талдау, ғылыми мәселелерді өздігінен шешуі, нақыл сөздерін есте сақтау, эссе, шығарма таныстырылым, рөлдік ойындар, ізденіс жұмыстары, мазмұнын тану, ой қорыту, ой толғау т.б.жатады. Мәтінмен жұмыс барысында осы тақырыптарды игеруде толық меңгеруге көмектеседі.

Инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы берілген тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар формативті бағаланады. Шығармашылығын дамытатын, тақырыпқа сай берілген тапсырмалар оқушылардың даму рейтингін бақылап, мониторинг жасауға көмектеседі.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша күтілетін нәтиже – қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік негізінде, сыйластық, бірлескен жұмыс, ашықтық, білімі мықты, қарым-қатынас қабілеті, тәртібі қалыптасқан, кеңейтілген дағдыларды оқушы бойына меңгерту.

Сыни ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, тілдік дағдыларды меңгеру. Топта және жеке жұмыс жасау, жұптық жұмыстарды орындай білу, алған

білімдерін жинақтап, әртүрлі мәселелерді шешуде қолдану икемділіктерін дамыту.

Инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы берілген тапсырмалар, шығармашылық жұмыстар формативті бағаланады. Шығармашылығын дамытатын, тақырыпқа сай берілген тапсырмалар оқушылардың даму рейтингісін бақылап, мониторинг жасауға көме ктеседі.

Оқушы жұмысын бағалауда оқушының шығарманы түсіне отырып, мәнерлеп оқуына, талапқа сай, нақышына келтіріп, қашықтан айта білу шеберлігіне, ақын шығармашылығын толығымен игеруіне, қаламгерлер мұрасын дәріптеуге бағытталған түрлі шығармалар, көркемсөз оқу байқауларына қатысуына, шығармашылық, ізденіс жұмыстарымен айналысуы ерекшеліктерге баса назар аударған жөн.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Оразгалиева Мирамкул Алпамысовна
№4 Хромтау орта мектебінің
информатика пәнінің мұғалімі

Инклюзивті білім беру — бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды білім беру процесіне толыққанды қатыстыруды қамтамасыз ету мақсатында енгізілген жаңа педагогикалық бағыт. Бұл жүйе тек мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған емес, барлық оқушылар үшін білім беру деңгейін теңестіріп, әрбір баланың даму мүмкіндігін толықтай пайдалануына жол ашады. Заманауи қоғамда инклюзивті білім беру мәселесі үлкен өзектілікке ие болып отыр. Бұл бағыттың басты мақсаты — әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оны дамыту және қоғамға толыққанды мүше болуына жағдай жасау. Білім беру жүйесіндегі инклюзияның маңыздылығы мен оның нәтижелілігі туралы ой қозғап, қазіргі заманғы білім беру жағдайында оның қалай жүзеге асырылып жатқанына тоқталамыз.

Инклюзивті білім беру (лат. inclusio — қосу) жалпы білім беру процесінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың өз құрдастарымен қатар оқуы үшін барлық жағдайды жасау деп түсіндіріледі. Қазіргі замандағы инклюзивті білім беру барлық балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуді көздейді. Инклюзивті білім беру ұғымы қоғамның барлық мүшелерінің білім алу, әлеуметтік қатысу және өздігінен өмір сүру құқықтарын қамтамасыз ететін бірегей жүйені білдіреді. Бұл жүйе мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, барлық оқушыларға білім алуда толыққанды қолдау көрсетуді мақсат етеді.

Заманауи білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру, тек қана балалардың ерекше қажеттіліктеріне қатысты емес, оларды толыққанды қоғам мүшесіне айналдыруға бағытталған процестерді қамтиды. Бұл ұғым әлеуметтік теңдікті, өзара құрмет пен қолдау көрсету жағдайында балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Инклюзивті білім берудің негізгі қағидалары

Инклюзивті білім берудің көптеген қағидалары бар, олардың арасында ең маңыздысы — әр балаға жеке көзқарас және жеке даму жоспары. Әрбір бала өзінің жеке мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес оқуға құқылы. Бұл принцип оқу барысында барлық балаларды теңдей қабылдауды және білім алу барысында қажетті қолдауды қамтамасыз етуді көздейді.

1. Тең мүмкіндіктер принципі — барлық балалардың білім алу құқығы тең болуы керек. Бұл принцип балалардың білім алуында ешқандай кемсітушілік болмауын, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімделуін

қамтамасыз етеді.

2. Әлеуметтік интеграция принципі — инклюзивті білім беру тек білім алу ғана емес, баланың қоғамдағы басқа балалармен және ересектермен тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуге де бағытталған.

3. Даралау принципі — оқыту процесі әр баланың жеке мүмкіндіктері мен қабілеттеріне бейімделіп, оқытудың әдіс-тәсілдері жеке ерекшеліктерге қарай өзгертіледі.

Инклюзивті білім беру тек қана білім алу процесін өзгерту емес, сонымен қатар арнайы құрылымдық өзгерістер мен жаңа білім беру технологияларын енгізуді қажет етеді. Бұл процесс білім беру мекемелерінің материалдық базасын жаңартуды, мұғалімдердің арнайы дайындықтан өтуін, сондай-ақ барлық қатысушылардың қажеттіліктеріне сәйкес оқыту әдістерін қолдануды талап етеді.

Инклюзивті білім беру жүйесінің негізгі құрылымдық элементтері:

• Оқыту әдістері мен құралдарын бейімдеу — мұғалімдер мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы оқыту әдістері мен оқу құралдарын қолданады. Мұндай әдістердің бірі — бейімделген оқу жоспары мен бағдарламаларын енгізу, балалардың жеке ерекшеліктерін ескеретін оқыту әдістерін таңдау.

• Әлеуметтік қолдау — білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу үшін арнайы психологтар мен педагогтар жұмыс істейді. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі әлеуметтік қарым-қатынасқа қолдау көрсетеді, бұл балалардың өзін-өзі бағалауын және қоғамға бейімделуін арттырады.

• Білім беру кеңістігін бейімдеу — мектептер мен сыныптар мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттіліктеріне сай ұйымдастырылып, жабдықталады. Мұнда арнайы құрылғылар мен технологиялар, мысалы, тифлотехникалық құралдар, сөйлеу терапиясы және т.б. қолданылады.

Инклюзивті білім беру жүйесінде педагогикалық және ұйымдастырушылық технологиялар маңызды рөл атқарады. Бұл технологиялар балаларды тиімді оқытуға және оқу процесін әр баланың жеке ерекшеліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

1. Педагогикалық технологиялар — бұл оқыту процесінде қолданылатын әртүрлі әдіс-тәсілдер мен құралдар. Мысалы, жобалық әдіс, зерттеу әдісі, ойын түріндегі оқыту, модульдік оқыту және т.б. Мұндай әдістер оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, оларды оқу процесіне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

2. Ұйымдастырушылық технологиялар — бұл оқыту ортасын бейімдеуге бағытталған технологиялар. Оған оқыту бөлмелерін қайта құру, оқушыларға арналған арнайы техникалық құралдарды енгізу, қашықтан оқыту жүйелерін дамыту жатады.

3. Әлеуметтік дағдыларды дамыту технологиялары — балаларды топтық жұмысқа тарту, ынтымақтастық пен өзара көмекке бағыттау, әлеуметтік ойындарды қолдану арқылы балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытатын технологиялар маңызды.

Инклюзивті білім беру жүйесінің табысты жүзеге асуы үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру маңызды. Мұғалімдер арнайы дайындықтан өтіп, инклюзивті білім беру әдістемелерін игерулері қажет. Бұл білім беру жүйесі тек арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларға ғана емес, барлық балаларға тең мүмкіндік туғызуды көздейді.

Мұғалімдердің рөлі ерекше. Олар балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту әдістерін таңдап, балалардың өз қабілеттерін дамытуына жағдай жасауға тиіс. Бұл үшін мұғалімдер балалардың әлеуметтік, эмоционалдық, психологиялық қажеттіліктеріне көңіл бөліп, оларға қолдау көрсетеді.

Инклюзивті білім беру — бұл тек мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ғана емес, барлық қоғам үшін маңызды. Бұл бағыт қоғамның барлық мүшелерінің білім алу, өзара құрмет пен түсіністік негізінде бірлесіп өмір сүру құқықтарын қамтамасыз етеді. Заманауи білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру тек әдіс-тәсілдер мен технологияларды енгізумен шектелмей, барлық қатысушылардың қатысуы мен ынтымақтастығын талап етеді. Білім беру мекемелері мұғалімдер мен оқушыларға бірдей мүмкіндіктер ұсына отырып, оларды әлеуметтік бейімдеу мен өзара құрмет негізінде дамытуды қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ковальчук, В. В. (2017). Инклюзивное образование: теоретические и практические аспекты. Алматы: ҚазМҰУ баспасы.

2. Назарова, Л. С. (2018). Особенности инклюзивного образования в условиях современного общества. Москва: Академия.

3. Антонова, Т. В. (2019). Теория и практика инклюзивного образования. Санкт-Петербург: Питер.

4. Мұхамедова, А. С. (2021). Инклюзивті білім берудің даму тенденциялары мен бағыттары. Алматы: Қазақ университеті баспасы.

5. Т.А. Сухарева, С.А. Бенашвили. (2016). Инклюзивное образование в России и за рубежом. М.: РАГС.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ӨСІМДІК БЕЛГІЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕРІ

Расмұхамбетова Орынгүл Қуандыққызы
Ырғыз ауданы
Ө.Қанахин атындағы ЖОББ
мектептің биология пәнінің мұғалімі

Өсімдіктер эволюция барысында мұхитта тіршілік еткен біржасушалы талшықты эукариоттардан пайда болған. Қарапайым өсімдіктер — біржасушалы талшықты жасыл балдырлар осы күнге дейін тіршілік етуде. Осындай ағзалардан біртіндеп қазіргі су ортасында тіршілік ететін вольвокс сияқты, сондай-ақ көпжасушалы жасыл, қоңыр, қызыл балдырлар пайда болды. Барлық балдырлар төменгі сатыдағы өсімдіктерге жатады, өйткені олардың денесі бірдей жасушалардан тұрады. Олар үлпалар мен мүшелерге бөлінбегендіктен, таллом немесе қабат деп аталады.

Балдырлардан басқа өсімдіктер жоғары сатыдағы өсімдіктерге жатады. Әртүрлі — ауа және топырақ ортасында тіршілік ету оларда мүшелер мен ұлпалардың қалыптасуына әкелді. Жоғары сатыдағы өсімдіктерге мүктәрізділер, қырықжапырақтәрізділер, ашықтұқымдылар мен жабықтұқымдылар жатады.

Мүктер бөліміне көпшілігінде маңызды екі мүше — сабақ пен жапырақтары болатын өсімдіктер жатады. Алайда мүктердің арасында денесі тек спорангийі бар жасыл пластинадан тұратын қарапайым формалары да кездеседі. Мысалы, бауыр мүктер. Олар да жоғары сатыдағы өсімдіктерге жатады. Бауыр мүктерінің вегетативті дене құрылысының қарапайымдылығы, олардың ерте пайда болғанын көрсетеді. Маршанциялар — бауыр мүктер класына жатады.

Мүктер — құрлықта өсуге бейімделген алғашқы өсімдіктердің бірі. Бірақ оларда өткізгіш және тірек ұлпалары қалыптаспады. Сондықтан мүктер аласа болады, тек ылғал жерлерде өседі. Олардың тамыры болмайды. Кейбірінде тамырдың қызметін ризоидтар атқарады. Ризоид — бірнеше жасушалардан тұратын жіңішке жіп тәрізді сыртқы қабықтың өсіндісі. Ризоид арқылы өсімдік топырақтан суды және онда еріген минералды заттарды бойына сіңіреді. Мүктер спорангийде жетілетін споралар арқылы көбейеді.

Қырықбуындар және плаундар бөлімі -бұл жоғары споралы өсімдіктер. Көпжылдық шөптесін өсімдіктер мен шала бұталар олардың қазіргі өкілдері.

Қырықжапырақтар жоғары споралы өсімдіктерге жатады. Олар ертеде жойылып кеткен риниофиттерден пайда болуы мүмкін. Қырықжапырақтәрізділерге ұсақ шөптесін өсімдіктер болуына тамырсабақтың пайда болуы, өткізгіш және тірек ұлпаларының қалыптасуына мүмкіндік берген жоқ. 300 млн-дай жыл бұрын ұзындығы 100 метрге дейін жететін алып қырықжапырақтар өсті. Олардың көбісі жойылып, таскөмір қорын түзді. Қазақстан аумағындағы барлық қырықжапырақтәрізділер — көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Бірақ Австралияның реликтілік ормандарында ағаштәрізді қырықжапырақтар қазіргі кезде де өседі. Мүктәрізділер мен қырықжапырақтәрізділер споралы өсімдіктерге жатады. Сондықтан оларға көбею мүшесі -спорасы бар спорангий тән.

Ашықтұқымдылар — көбею мүшесі ретінде алғаш рет тұқымы, сондай-ақ нағыз мықты тамыры қалыптасатын өсімдік бөлімі. Ашықтұқымдылардың шығу тегі — жойылып кеткен тұқымды қырықжапырақтар болды. Сонымен қатар көптеген ежелгі ашықтұқымдылар да жойылып кетті. Қазіргі ашықтұқымды өсімдіктер, негізінен, қылқанжапырақтылар класынан тұрады. Оларға шырша, қарағай, балқарағай, арша және т.б. ағаштар жатады. Өсімдіктердің осы бөлімінің маңызды ерекшелігі — көбею мүшесі ретінде тұқымының пайда болуы. Спорасы бар спорангий жойылып, оның орнына тұқымы бар бүр пайда болады. Қылқанжапырақтылар класының маңызды белгісі -ерекше инетәрізді жапырақтары — қылқаны болып табылады.

Гүлді өсімдіктер немесе жабықтұқымдылар. Атауынан көрініп тұрғандай ең жетілген өсімдіктер бөлімінде жемісі түзілетін жыныстық көбеюдің жаңа мүшесі — гүлі пайда болады. Тұқымбүршік тұқымды қорғайтын берік жабын түзетін жатын (түйін) қабырғасымен қорғалады. Осыдан гүлді өсімдіктердің жабықтұқымдылар деген екінші атауы шығады.

Гүлдің құрылысы. Гүл бөлімдері — гүл сағағы, гүл табаны (тұғыры), тостаған жапырақша, күлте жапырақша, аталық пен аналықтан тұрады. Гүлді өсімдіктердің көпшілігінде тамырлары мен серіктесжасушалары бар флоэманың сүзгілі элементтері болады. Органикалық заттардың ерітінділері сүзгілі түтіктер арқылы жапырақтан тамырға тасымалданады. Ал еріген минералды заттары бар су сүректің ұзын түтікшелері немесе ксилема арқылы тамырдан жапыраққа барады.

Өсімдік белгілерінің ерекше белгілеріне арналған тапсырмалар

1-тапсырма

Суретке қарап отырып мәтін құрастырыңыз



2-тапсырма
Өсімдіктің бөліктерін көрсет және ата

Өсімдік бөліктері
Суретке қара. Өсімдіктің бөліктерін көрсет және ата.



Егер өсімдіктің сабағы мен тамыры болмаса, не болар еді?
Қалай ойлайсың?

3-тапсырма.Гүлді өсімдіктерді топтарға бөлу

1. Жүйелілік көрсеткіштерінің реттілігі бойынша орналастыр:

1———— 5————

2———— 6————

3———— 7————

4————.

2. Гүлді өсімдіктер класы

4-тапсырма Көкнәр тұқымдастарына сипаттама жаз.

- Тіршілік формасы ;
- Ғаламшардағы саны ;
- Қазақстандағы саны ;
- Жемісі ;
- Тұқымдары
- Қазақстанның Қызыл Кітабына енген түрі: ;
- Тозаңдануы: ;
- Дәрілік түрі ;
- Улы түрі ;
- Халық медицинасында сүйелді кетіруге арналған түрі ;
- Жабайы Көкнәр гүлінің формуласы .
-

5-тапсырма Алабота тұқымдастарына сипаттама бер.

- Тіршілік формасы;
- Тамыр жүйесі;
- Сабағы;
- Жапырақтары;
- Гүлдері;
- Гүлшоғыры;
- Тозаңдануы;
- Түрлері;
- Ақ алаботадан қандай зат жасаған?
- Ақ алабота гүлінің формуласын құрастыр:
- Күлше жапырақшасы жоқ, тостағанша жапырақшасы-4; аталығы-4; аналығы-1;
- Қазақстанда сексеуілдің қандай түрлері өседі?

1————————; 2————————; 3————————;

6-тапсырма Сәйкестендір.

Асқабақ пен Орамжапырақ тұқымдастарының ерекшеліктері: (+ таңбасын қой)

1. Бақша өсімдіктері
2. Қос жарнақтылар класы
3. Бір үйлі, дара жынысты өсімдік
4. Жемісі қабақ
5. Мұртшалары – өзгерген өркен
6. Мәдени өсімдіктер
7. Медицинада тамыры пайдаланылады
8. Бір тұқымды түрі – мексикалық қияр-кайот д.а.
9. Отаны – Мексика
10. Шаршыгүлділер тұқымдасы немесе орамжапырақ гүлді өсімдіктер деп аталады.
11. Шомыр мен қыша туысына бөлінеді.
12. Жемісі: бұршаққын немесе бұршаққынша
13. Дәрілік түрі – Ақбасқурай.
14. Әсіресе Сарбасқурай Қазақстан Қызыл кітабына енген.

Гүлді өсімдіктердің шығуы және эволюциясы туралы жалпы қабылданған теориялар жоқ. Себебі ертедегі түрлерінің қазба қалдықтары табылмаған. Сонымен қатар қазіргі кездегі өсімдіктер тобының ешқайсысы гүлді өсімдіктердің пайда болуына негіз бола алмайды деп есептеледі. Олардың арғы тегі қылқанжапырақтылардағы сияқты бор дәуірінде жойылып кеткен тұқымды қырықжапырақтар болуы мүмкін. Гүлді өсімдіктердің эволюциясы мен таралуында тозаңдандырғыш жәндіктер зор рөл атқарды. Олардың эволюциясы тозаң мен шірнеге бай гүлді өсімдіктердің пайда болуына байланысты едәуір қарқынды дамыды. Сонымен, гүлді өсімдіктер мен жәндіктер қатар дамыды.

WAYS TO DEVELOP STUDENTS' CREATIVE THINKING IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE



Сапина Аружан Талғатқызы
Ақтөбе қаласы
№39 қазақ орта жалпы
білім беру мектеп-лицейі
Ағылшын тілі пәні мұғалімі

Creativity plays a vital role in language acquisition. While many traditional language-learning methods focus on grammar drills, vocabulary memorization, and repetition, fostering creativity in students can significantly enhance their learning experience. By encouraging students to think outside the box, they can engage more deeply with the language, boost their problem-solving skills, and feel more confident in using the language spontaneously. So, how can educators develop students' creative thinking while teaching a foreign language? Here are several strategies that can inspire learners to tap into their creativity:

1. Incorporate Project-Based Learning

Project-based learning (PBL) allows students to engage in real-world tasks where they apply their language skills to create meaningful outputs. PBL encourages critical thinking and collaboration, which are key components of creativity.

For instance, students might work on creating a travel guide, a short film, or a digital story that highlights aspects of the culture related to the target language. By working on a long-term project, students not only practice their linguistic skills but also develop problem-solving abilities as they create and refine their work. This approach empowers students to explore topics that interest them while applying language in dynamic ways.

2. Creative Problem-Solving Activities

Problem-solving is a skill that can be developed through creative exercises. In the context of language learning, students can work together to solve problems or make decisions using the foreign language.

For example, teachers might present a scenario where students have to plan a trip, resolve a mystery, or simulate a diplomatic negotiation, all while using the target language. These activities encourage students to think critically about how to express their ideas effectively and creatively, pushing them to experiment with different sentence structures and vocabulary in the process.

3. Storytelling and Role Play

Storytelling and role-playing are among the most effective ways to foster creative thinking in a foreign language. When students create stories or take on roles, they not only practice the language but also learn to manipulate it in new and creative ways.

Teachers can have students work in pairs or small groups to develop dialogues or short skits. Alternatively, students could narrate personal stories, describe hypothetical scenarios, or act out real-life situations such as a job interview or a trip to the market. The key is to create a safe space where students feel comfortable experimenting with new words and structures without the fear of making mistakes.

4. Use of Technology and Digital Tools

In today's digital age, technology provides countless opportunities for language learners to express themselves creatively. Apps, digital platforms, and multimedia tools can engage students in ways traditional methods might not.

For example, students can create podcasts, videos, blogs, or even interactive websites in the target language. These projects allow them to practice listening, speaking, writing, and reading, all while using language in a creative context. The use of visuals, audio, and editing software also enables students to think critically and innovatively, thereby strengthening their linguistic and technical skills simultaneously.

5. Encourage Open-Ended Questions

One of the best ways to promote creative thinking is to ask open-ended questions that require students to reflect, analyze, and formulate their own ideas. Questions like "What would you do if you were the leader of a country?" or "How would you solve a global issue like climate change?" prompt students to think critically about how to express complex ideas in the target language.

These types of questions push students to go beyond basic responses and tap into their creativity, allowing them to use the language to express abstract or imaginative ideas. Teachers can use these discussions as the foundation for collaborative projects or debates that further challenge students to think deeply and creatively.

6. Gamification and Language Games

Gamification is an effective method for making learning fun while also enhancing creativity. Language games, such as word association, storytelling dice, or scavenger

hunts, can stimulate students' thinking and help them use language in novel ways.

For example, teachers can set up language games where students need to quickly form sentences using specific vocabulary or grammar rules. This promotes fast thinking and helps students practice under pressure in a playful and low-stress environment. Additionally, games like "20 Questions" or "Pictionary" can boost creative thinking and vocabulary recall, making the learning process interactive and enjoyable.

7. Collaborative Learning

Collaborative learning encourages students to think creatively as they interact with their peers. Group activities allow students to share ideas, solve problems together, and learn from one another in a dynamic environment.

In language classrooms, students can collaborate on tasks such as writing stories, creating presentations, or organizing debates. By exchanging ideas in the target language, students are exposed to diverse perspectives, which can inspire new ways of thinking and expressing themselves. Collaboration fosters both social and linguistic creativity, providing opportunities for students to improve their language skills in authentic contexts.

8. Incorporate Art and Visual Aids

Visual stimuli such as artwork, photographs, and videos can be powerful tools for stimulating creative thinking. When students are asked to describe or interpret visual materials, they are prompted to use the language in innovative ways.

For example, a teacher might present a thought-provoking image and ask students to write a story or create a dialogue based on what they see. Alternatively, students can analyze a piece of art or a video clip, discussing its cultural significance and offering their own interpretations. These activities help students connect language with imagination, making learning both creative and meaningful.

9. Reflective and Personal Expression

Encouraging students to express themselves through personal reflection or journaling can nurture creativity. Writing or speaking about personal experiences, thoughts, and feelings in the target language allows students to explore language beyond textbook contexts.

Teachers can assign reflective writing prompts that encourage students to express their opinions, dreams, or even frustrations. This fosters self-expression and helps students develop a deeper connection with the language as they find ways to articulate complex emotions or experiences in another language.

10. Integrate Music and Poetry

Finally, music and poetry provide rich opportunities for creative language use. The rhythmic nature of poetry and the emotional appeal of music can stimulate creativity and offer students a different avenue for exploring language.

Teachers can incorporate songs, lyrics analysis, or poetry readings into their lessons, encouraging students to write their own songs or poems in the target language. This not only enhances language skills but also allows students to experiment with sound, rhythm, and cultural expression in a creative and enjoyable way.

Conclusion

Fostering creativity in the foreign language classroom is essential for motivating students and helping them develop a deeper, more personal connection with the language. By integrating project-based learning, problem-solving activities, storytelling, technology, and more, teachers can create an environment where students feel empowered to think creatively, communicate confidently, and enjoy the learning process. Ultimately, the goal is to help students not just learn a language, but also use it as a tool for self-expression and imaginative exploration.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТАРИХ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ

Сарсенбаева Айсәуле Нағашыбайқызы
Хромтау ауданы №6 Хромтау гимназиясы
тарих және география пәнінің мұғалімі

«Балам» деген жұрт болмаса, «жұртым» дейтін бала қайдан шығады»
Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың ғасырдан-ғасырға жетіп, атадан балаға мирас болып келе жатқан халықтың қазынасы – тілі, діли, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. адамгершілік қағидаттары. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – басты міндетіміз. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

Сол құндылықтардың арқасында біз өзіміздің халықтық қалпымызды сақтап, әлемге танылып отырмыз. Ұлттық құндылықтарды оқыту жас ұрпақтың адамгершілігі мен патриоттық сезімін қалыптастыру, елдің болашағы үшін маңызды міндет болып табылады. Осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру арқылы біз ұлтымыздың рухани мұрасын сақтап, жас ұрпақтың елдің тарихын және мәдениетін тереңірек түсінуіне ықпал ете аламыз.

Аңдатпа.Бұл баяндама теориялық негіздердің ғана емес, сонымен қатар осы тәсілдің мектептерде қолдану тәжірибесінде нақты мысалдарды қарастырып, ұлттық құндылықтарды оқыту процесіне интеграциялау арқылы тарих және география пәндерін тиімдірек жеткізу туралы.

Мақаланың зерттеу негізі

Ұлттық құндылықтардың маңызы. Қазақстанның ұлттық құндылықтары – елдің рухани негізі, оның тарихы, мәдениеті, тілі және дәстүрлері. Олар ұрпақтан-ұрпаққа берілетін асыл мұра болып табылады және қазақ халқының өмір салтын, еңбек ету мәдениетін, білімділігін және адамгершілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ұлттық құндылықтарды оқыту, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу, елдің тарихын және мәдениетін тереңірек түсінуге баулу мақсатын көздейді.

Тарих пәніндегі ұлттық құндылықтарды қолдану. Тарих пәнінде ұлттық құндылықтарды оқытудың әдіс-тәсілдерінің бірі – оқу материалын тарихымыздағы ұлы тұлғалар мен оқиғалар арқылы талдау. Мысалы, Абай Құнанбайұлы, Қаныш Сәтбаев,Ахмет Байтұрсынов секілді тарихи тұлғалардың өмірін және еңбектерін зерттеу арқылы жас ұрпақты білімге деген құштарлыққа, адамгершілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеуге болады. Мысалы, тарих пәнінде «Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынов» немес Қазақстан Ұлы Отан соғысы деген тақырып бойынша оқушылар Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ жауынгерлерінің ерліктерін зерттей алады. Олар соғыстағы оқиғалардың хронологиясын жасау, жеңіске жеткен қазақ батырларын зерттеу, соғыс фотосуреттері мен құжаттарын талдау сияқты тапсырмаларды орындай алады. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысындағы қазақ халқының ерліктері мен жеңістері туралы оқу материалын талдау арқылы оқушылардың ерлік пен патриотизмге деген құрметін арттыруға болады.

География пәніндегі ұлттық құндылықтарды қолдану. География пәнінде ұлттық құндылықтарды қолданудың ерекшелігі – елдің табиғатын, жер-суын, биологиялық алуан түрлілігін, ұлттық парктерін және қорғалатын аймақтарын зерттеу. Мысалы,«Қазақстанның табиғи байлықтары» деген тақырып бойынша оқушылар елдің табиғатына деген құрметін арттыру мақсатында «Қазақстанның қорғалатын табиғи аумақтары» туралы жобалар дайындай алады. Олар қорғалатын аймақтардың географиялық орнын картаға түсіру, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін зерттеу, туризм мүмкіндіктерін талдау сияқты тапсырмаларды орындай алады. Оқушылардың ел табиғатына деген сүйіспеншілігін, оны қорғауға деген жауапкершілігін арттыруға болады. Сондай-ақ, қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын, қолөнерін, халықтық шеберлігін зерттеу арқылы оқушылардың ұлттық мәдениетіне деген құрметін арттыруға болады.

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері Ұлттық құндылықтарды оқытудың тиімділігін арттыру

үшін мысалы, проектілік әдіс арқылы оқушыларды ұлттық құндылықтарға байланысты әр түрлі жобалар жасауға тартуға болады. Сондай-ақ, интербелсенді тақтаны, мультимедиа ресурстарын қолдану арқылы оқу процесін қызықты және тиімді етуге болады. Ұлттық құндылықтарға негізделген оқулықтар мен оқу құралдарын пайдалану арқылы да оқушылардың білім сапасын арттыруға,ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуге болады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда ұлтымыздың рухани байлықтарын көзіміздің қарашығындай сақтап, келешекке жеткізу мақсатында ұлттық құндылықтарды оқыту процесіне интеграциялау арқылы оқушылардың патриоттық сезімін арттыруға, елдің тарихын және мәдениетін тереңірек түсінуге, табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін арттыруға болады. «Баланды өз тәрбиеңмен емес, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген даналардан қалған сөз бар. Сондықтан да сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы тұнып тұрған рухани байлығымызбен өскелең ұрпақты сусындата аламыз демекпін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
2. Әдеп және жантану/ хрестоматия/ Атамұра Алматы, 1996.
3. Ш.Елеукенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.
4.М.С.Керімбаева. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі» Астана,2008ж
5.Өтешова Б «Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту» Алматы,2007ж

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
UZDIK KALAM

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Сатыбалдина Гулнур Маратовна
Ақтөбе қаласы
№34 орта мектебінің
бастауыш класс мұғалімі

Білім берудегі жаңартылған білім мазмұнына сәйкес қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметі мол, педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет. Бүгінгі біздің алдымызда тұрған басты міндет – үздіксіз білім бере отырып, инновациялық технологиялардың тиімдісін алып, оқушыны қызықтыра алатындай білімді игерту. «Инновация» - бұл «жаңалық енгізу», «реформа жүргізу», «өзгеріс» деген ұғымдармен қатар, кең мағынада жүйедегі кез келген өзгерістерді білдіреді. Технология – бұл қандай да бір жұмысты, өнерді, шеберлікті іске асыру жинтығы

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген болатын. Сондықтан да қазіргі таңда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру деңгейіне жетуге ат салысудамыз. Ертеңгі болашағымыздың сапалы білім, саналы тәрбие алуы – қазіргі қоғамдағы ұстаздарға байланысты.

Қазіргі таңдағы білім беру сапасын арттыруда әсер ететін факторлар :

- Предложить рекомендации для педагогов по применению цифровых технологий в их профессиональной деятельности.

Биология — это наука о жизни, которая напрямую связана с исследованием живых организмов, их строения, функций и взаимодействия. Такие темы, как транспорт веществ, состав крови, группы крови и резус-фактор, представляют собой сложные для понимания, но крайне важные аспекты биологического образования. Традиционное объяснение этих тем часто ограничивается использованием учебников и статичных моделей, что может не вызывать должного интереса у учащихся. Однако интеграция цифровых технологий позволяет сделать обучение более увлекательным, доступным и понятным.

Использование цифровых инструментов, таких как интерактивные образовательные платформы (Word-wall, Kahoot, Padlet) и технологии виртуальной реальности (VR), позволяет расширить возможности учеников и педагогов.

Современные исследования подтверждают, что использование цифровых технологий в образовании оказывает положительное влияние на уровень вовлеченности учащихся, их мотивацию и результаты обучения. Это особенно важно в условиях активного развития информационного общества, где умение работать с технологиями становится ключевой компетенцией.

Цифровые технологии предоставляют широкие возможности для визуализации и моделирования биологических процессов, которые невозможно наблюдать непосредственно. Например, использование виртуальных лабораторий позволяет воспроизвести эксперименты, которые были бы сложны или невозможны в реальных условиях из-за ограничений ресурсов или безопасности. Таким образом, учащиеся могут изучать такие темы, как строение клеток, механизмы транспортировки веществ и функции крови, с высокой степенью наглядности и точности.

Интерактивные платформы, такие как Wordwall и Kahoot, создают условия для вовлечения учащихся через элементы игры. Эти инструменты позволяют проводить тестирования, викторины и задания в формате соревнования, что стимулирует интерес к предмету и активизирует когнитивные процессы. Кроме того, использование таких технологий помогает учителям адаптировать образовательный процесс к индивидуальным потребностям каждого ученика, обеспечивая персонализированное обучение.

Особую роль в преподавании биологии играют QR-коды, которые могут использоваться для доступа к дополнительным ресурсам, видеоурокам, научным статьям и интерактивным заданиям. Такой подход способствует развитию исследовательских навыков у учащихся, а также их самостоятельности в поиске и анализе информации. Интеграция QR-кодов в уроки позволяет связать теоретический материал с реальными приложениями биологии в жизни и науке.

Применение технологий виртуальной и дополненной реальности (VR и AR) открывает новые горизонты для обучения. С их помощью ученики могут виртуально путешествовать внутри клеток, наблюдать за сложными процессами, такими как агглютинация или деление клеток, что значительно углубляет понимание изучаемых тем. Эти технологии позволяют создавать уникальный образовательный опыт, который сложно воспроизвести с помощью традиционных методов.

Таким образом, цифровые технологии являются мощным инструментом для повышения качества биологического образования. Они способствуют не только лучшему усвоению материала, но и формированию у учащихся навыков XXI века, таких как критическое мышление, аналитические способности и умение работать с информацией. Эти компетенции становятся основой для их дальнейшего обучения и профессиональной деятельности.

Примеры использования цифровых технологий на уроках:

« Группы крови, агглютинация, резус -фактор». https://wordwall.net/ru/resource/82757952

«Внутренняя среда организма» https://wordwall.net/ru/resource/81591827, https://wordwall.net/ru/resource/81852511.

Применение платформы Wordwall можно использовать для актуализации и проверки знаний, закрепления и рефлексии. Ученики выполняют задания в игровой форме, что способствует заинтересованности учащихся, лучшему усвоению материала. Интерактивная лабораторная работа с моделированием реакции агглютинации позволила учащимся на практике изучить механизм совместимости крови. Использование презентаций и моделей эритроцитов визуализировало ключевые биологические процессы.

На уроке «Состав и функции крови» применялась групповая форма работы. Для деления на группы используются картинки биологических объектов, но обратной стороне которых расположен QR-код, используя мобильный телефон ученики определяют, в какой группе они будут работать.

Интеграция QR-кодов для деления на группы добавила элемент неожиданности и повысила интерес учащихся к выполнению задания.

Анализ эффективности

Применение цифровых технологий на рассмотренных уроках доказало свою эффективность. Ученики проявили высокий уровень вовлеченности, активно участвовали в заданиях и демонстрировали лучшее понимание темы. Одним из ключевых результатов стало развитие исследовательских компетенций. Лабораторные работы научили учащихся анализировать результаты экспериментов, делать выводы и применять знания на практике.

Практические рекомендации для учителей

1. Используйте интерактивные платформы, такие как Wordwall и Kahoot, для вовлечения учащихся в процесс обучения.
2. Интегрируйте QR-коды для предоставления учащимся дополнительных материалов или деления на группы.
3. Включайте элементы исследовательской деятельности, чтобы учащиеся могли применять знания на практике.
4. Организуйте лабораторные работу в виртуальном режиме для изучения и закрепления изученного материала.
5. Используйте визуальные модели для объяснения сложных процессов.

Интеграция цифровых технологий в уроки биологии — это не просто шаг в сторону модернизации образования, но и важный инструмент для формирования у школьников ключевых компетенций XXI века. Рассмотренные примеры показывают, как использование интерактивных платформ, QR-кодов и цифровых лабораторий может сделать обучение более интересным и продуктивным. Такие подходы способствуют развитию критического мышления, навыков анализа и самостоятельного поиска информации.

Список литературы

1. Иванов А.А., Сидоров Б.Б. Инновационные методы обучения: опыт и перспективы. Москва: Изд-во "Образование", 2022.

2. Петрова В.В., Смирнова Г.Г. Использование интерактивных технологий в образовательном процессе. Санкт-Петербург: "Наука", 2021.

3. Johnson, L., Adams Becker, S. The Horizon Report: 2021 Higher Education Edition. Austin, Texas: The New Media Consortium, 2021.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Шетеева Лаура Муратовна
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы,
Қаражар елді мекені,
«Қаражар орта мектебі» КММ-нің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру оқушының өзі арқылы, оның іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы ойлау дағдыларын дамыта отырып жүзеге асырылады.Білім жолы –қиын жол сондықтан да болашақ жастарды оқыту, тәрбие беру, қазіргі өмір ағысына бейімдеу ұстаз алдында тұрған ең басты міндет. Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқытудың инновациялық әдістерін енгізу педагог қызметкерлердің тұлғасына кәсіби құзіреттілігіне жоғары талаптар қою арқылы жүзеге асырылады. Олай болса білім алушының ағылшын тіліне қызығушылығын тудырып дамыту арқылы әрбір мұғалім жемістің нәтижесін көруге ұмтылады. Ағылшын тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңашыл технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау,көру қабілеттерін жетілдіру,жаңа технологиялар арқылы оқыту ағылшын тілін үйретудің сапасы мен маңыздылығын арттырады. Шетел тілін үйрету туралы ғалымдар пікірі 2 топқа бөлінеді. Бірі ана тілін мүлде қолданбау керек (И.Е.Аничков), олар шетел тілін оқытуда ана тіліне сүйеніп, шетел тілінде сөйлеу дағдыларына нұқсан келтіреді десе, енді біреулері (Л.В.Щерба, Т.Ф.Лапангова) керісінше ана тілінің интерференциясын азайтуға болатынын дәлелдеген. Шетел тілін меңгеру дағдысын қалыптастыру да ана тілін мүлде алыстату арқылы емес, ана тілінің интервенциялық ықпалы арнайы әдіс-тәсілдердің көмегімен жеңген дұрыс деген пікір айтады. Әрине бүгінгі таңда білім беру процесінде бұл екі жол да қолданылуда.Білім алушылардың күнделікті есту арқылы түсіну және есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін сабақ барысында бастан аяқ ағылшын тілінде сөйлеу де, ағылшын тілі грамматикасын үйрену кезінде ана тілімен мысалдар келтіру арқылы пәнаралық байланыс орнату да тиімділігін көрсетуде. Себебі грамматикалық материалды түсіндіруде қазақша мысал келтіріп, берілген мысалды ағылшын тіліне аудара отырып екі тілдегі ұқсастық пен айырмашылықтарға тоқталу өз нәтижесін береді.Ағылшын тілін үйрету мынадай дамыту жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.

1. Лексикалық жұмыс
2. Грамматикалық жұмыс
3. Фонетикалық жұмыс

Ағылшын тілін толық меңгеру үшін яғни, сауатты сөйлеу, жазу, оқу, тілдің нағыз қолданушысын түсіну үшін ең алдымен қызығушылық болуы керек. Сонымен қатар оқушыларға күнделікті 45 минутты сабақпен ғана үйрену, дамыту жеткіліксіз. Мұны әрбір оқушыға ұғындыру ұстаз үшін парыз. Өз бетінше іздену арқылы қызығушылықпен білімді жетілдіру тіл үйренуде үлкен маңызға ие.Ол үшін ағылшын тілінің кез келген адамға қажеттілігі, оны білудің болашақтағы артықшылықтары жайлы 10 себепке тоқталсақ:

1. Еңбек нарығындағы «бағаңыздың» өсуі. Қазір жұмысқа қабылданғанда ағылшын тілін білетін жастарға ерекше құрметпен қарайды.Ал кейбір шетелдік компанияларда бұл тіпті талап ретінде қарастырылады.Жақсы жұмыс иегері боламын десеңіз, қазірден бастап ағылшын тілін үйреніңіз.
2. «Ми» жаттығуы.Шет тілін игеру-миға деген керемет жаттығу.Ақпарат ғасырында адамға жақсы ес,жаңа ойлар қажет.Ол үшін мидың жақсы жұмысы артық болмайды..
3. Аудармасыз –ақ шетел фильмдерін қарау, Кабельді телеканалдардан көптеген елдердің бағдарламаларын, фильмдерін ағылшынша көре аласыздар.Тек өз еліңіздің ақпараттарымен ғана емес, әлемдік жаңалықтар мен мәдениеттен хабардар боласыз. Аудармасыз фильм қарау арқылы оны тереңірек түсініп, көбірек әсер ала аласыз.
4. Шетел музыкасын тыңдау. Сөзсіз ағылшын тіліндегі классикалық та, заманауи туындылар да әлемдік танымалдыққа ие.Сүйікті әншіңіз не жайлы ән айтып жатқанын түсіну арқылы оның шығармашылығын толықтай бағалай аласыз.
5. Шет елде демалыста жергілікті тұрғындармен тілдесе алу.Шет елдің қайсысына барсаңыз да ағылшын тілі қолданыста болады.Адамдарды түсініп сол елдің тұрмысы жайлы көбірек ақпарат, ал демалысыңыздан көбірек әсер ала аласыз.Таныс емес жерде өзіңізге қажетті бару керек жерді қиындықсыз таба аласыз.
6. Ағылшын тіліндегі әдебиет оқу. Әлемдік әдебиеттік танымал туындыларының орыс қазақ

тіліндегі аудармасын оқып жүрміз.Алайда оның түпнұсқасын ағылшын тілінде оқу ерекше әсер береді. Арнайы салаға маманданған сайттар көбіне ағылшын тілінде беріледі. Демек ағылшын тілін білу арқылы қажетті ақпаратты ала аласыз.

7. Ортаңыздың өсуі. Ағылшын тілі форумдары мен іс-шараларда жүріп талай жаңа адамдармен танысуға болады.Олармен ағылшынша тілдесіп, өз біліміңізбен тіл ерекшеліктерін жақсарта аламыз.

8. Жаңа қызығушылық табу. Әр адамның өзіне тән қызығушылықтары бар.Ол өміріне мәнді сәттер қосып, оны күнделікті істерден алаңдатады.Сіз үшін бұл хобби-тіл үйрену болсын.

9. Қосымша табыс көзі. Ағылшын тілін жақсы игерсеңіз тек өз жұмысыңызда сәттілікке жетіп қоймай , басқа да табыс жолдарын таба аласыз.Мысалы реферат, диплом жұмыстары, арнайы әдебиетті аудару жақсы табыс әкеле алады.

10. Қосымша мүмкіндіктер. Шет тілін білу сізге қосымша мүмкіндіктер ашады. Шет елге оқуға түсу, машықтануға шет елге барып келу және басқа да тосын мүмкіндіктер пайда болуы мүмкін.

Міне осы артықшылықтарды оқушыларға түсінікті етіп ұғындыру арқылы сабақтарды жаңашыл әдіс-тәсілдермен, жас ерекшеліктеріне сай көрнекіліктер және қосымша қолжетімді ресурстарды қолдана отырып қызығушылықтарын арттыра отырып меңгерткен жағдайда ағылшын тілін жақсы меңгерген сапалы білім алған ұрпақ оқытып, тәрбиелей аламыз. Әрине ағылшын тілін үйренуде жақсы, сауатты сөйлеу үшін алдымен тыңдалым жасау маңызды. Сонымен қатар сөздікпен жұмыста сөздерді жеке емес сөз тіркестерімен немесе сөйлеммен жаттап алу маңызды. Бұл әдістің тиімділігі грамматикалық қатесіз жақсы сөйлеуді үйренеді, сөйлем ішіндегі сөздер жатталып қалғандықтан сауатты жаза да,оқи да алатын болады. Бұл жағдайда көбінесе төменгі және орта сынып оқушыларына көбіне жеңіл мультфильмдерді көру арқылы немесе жан-жақта киімдерде, кез келген жарнама, тақтайшаларда кездескен жазуларды аудару арқылы үйренуге кеңес беремін.Ал жоғары сынып оқушыларына ағылшын тілінде фильмдер көру, шет елдер каналдарынан жаңалықтар тыңдау, сонымен қатар әрине музыка тыңдап әнін үйрену арқылы меңгерген тиімді.Жас ерекшеліктеріне қарай әсіресе жоғары сынып оқушылары ағылшын тілінде ән жаттап айтқанды ұнатады және әннің мағынасын да аударып, білуге ұмтылады.

Ағылшын тілін оқытып,үйрету мақсаты-оқушылардың қарым-қатынас жасауға түсе алатын қабілеттерінің негізін қалау болып табылады.Жаңа тілге үйретуде оқытудың жаңа тәсілі төмендегідей талаптарға сәйкес келуі көзделеді:

-оқушыға қолайлы оқу ортасын қалыптастыру;

-оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыру,ой-тілектерін ояту;

-оқушының эмоциялық сезіміне әсер етіп жеке тұлға ретінде қалыптастыру;

-оқытуды түрлендіру үшін түрлі әдісті қолдану;

-ойын түрінде оқыту арқылы оқушының белсенділігін арттыру,

-шет тілін оқушының жеке қызығушылығымен байланыстыру;

Сонымен қатар инновациялық технологияларды пайдалану-шығармашылық жетістік көзі екендігі әрбір ұстазға мәлім. Жаңашыл іс-әрекет- педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үдерісі. Жаңашыл іс-әрекет жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қоланысқа дайындау, іс жүзінде пайдалану сияқты үдерістермен сипатталады.Жаңашыл іс-әрекет нәтижесінде педагог инновациялық үдерісті ұйымдастырушы ортаның әсерін бағалап, инновациялық үдеріске әсер еткен ішкі және сыртқы факторларды анықтайды. Қазіргі таңда инновациялық іс-әрекетке даярлық-кәсіби педагогтың маңызды қасиеті, педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейіне жету жолы. Мектеп оқытушысының жаңашыл іс-әрекетке даярлығы- меңгерген инновациялық педагогикалық технологияны өз тәжірибесінде қолдануға даяр болуы және жаңа технологияларды өз сабағында тиімді пайдалануы.

Жоғарыда айтылғандарды зерделей келсек, жас ұрпақты оқытуда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалану-шығармашылық жетістіктің негізгі көзі және мұғалімнің кәсіби өсуінің тура жолы. Сонымен қатар, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолану барысында мұғалімнің іс-әрекеті мақсатқа бағытталған, жүйелі, бірізділікпен ұйымдастырылу бағытында жүреді. Соның нәтижесінде бәсекеге қабілетті, өмір талабына сай, қоғам қажеттілігін қанағаттандыратын тұлғаны қалыптастыра алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ағылшын тілін оқытудың тиімді жолдары» Г.К.Исабекова. «Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі мектепте, колледжде және ЖОО-да» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы №2, 2015.

2. «Қазіргі таңда ағылшын тілін үйретудің маңыздылығы» А.Ә.Отызбаева. «Ағылшын тілі мектепте, колледжде және ЖОО-да» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы №1,(19) 2015.

3. "Handout for teachers" AEO "Nazarbayev Intellectual Schools" Center of Excellence, 2015

4. « Modern Approaches and Methods in Teaching English Language» www.eresearchclub.com

5. «Инновациялық технологияларды пайдалану-шығармашылық жетістік көзі» «Modern English» республикалық педагогикалық-әдістемелік журналы 1(18) 2016ж.

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

«ХИМИЯНЫ ПӘНАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ НЕГІЗІНДІ ОҚЫТУ»

Мусина Г. А
№3 Хромтау орта мектебінің
химия пәнінің мұғалімі
Хромтау қаласы, Ақтөбе облысы

Білім беру жүйесіндегі пәнаралық байланысты жүзеге асыруда теориялық білімдер жиынтығының өмірлік тәжірибемен өзара үйлесімділік негізде дәлелденіп, жүзеге асырылуы – бүгінгі күндегі білім беру мен оқыту және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру арқылы оқушылардың ғылыми-танымдық дүниесінің жүйелі, әрі бірізділік пен сабақтастықта дамуына ықпал жасайтын тиімді педагогикалық үдеріс болып саналуда. Пәнаралық байланыс – түрлі пәндердің оқу материалдары арасындағы өзара байланыстылығында, оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес берілетін білім мазмұнының жүйесін анықтау шарты және білім беру мен оқыту әрі оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың талабы болып табылады. Пәнаралық интеграция арқылы оқытудың дамытушылық, білім және тәрбие берушілік қызметі объективті түрде кеңейіп, дамып отырады. Оқушылардың әртүрлі пәндер бойынша алынған білім, біліктерді қабылдауы, түсініп-білуі, олардың жалпы ақыл-ойына серпін тудырып, танымдық іс-әрекеттеріне шығармашылық сипат беріп, барлық алынған білімдерін жүйелейді. Қазіргі кезде көп айтылып жүрген интеграция яғни салалас пәндердің өзара ықпалдасуы олардың мазмұндық, құрылымдық, ғылыми-теориялық және жалпы педагогикалық аспектілерінің кірігуімен ерекшеленеді.

Интеграциялық жүйенің орын алуы – барлық пәндердің мазмұндық құрылымындағы білімдер жүйесін топтастыру, жинақтау, біріктіру мен кіріктіру үдерісі бір ғана пән немесе оқулық түрінде орын алуы емес, берілетін білімдердің мазмұндық ортақтығы және олардың оқушы тұлғасын дамытуға қажетті және тиімді құрал ретінде қазіргі сұранысты қанағаттандыруы. Интеграциялы сабақта бір сабақта бірнеше мұғалімнің қатысуы немесе бір сабақта бірнеше пәннің материалы қарастырылуы қажет. Интеграциялы сабақтар оқушыға әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқу пәндерін интеграциялау төмендегідей міндеттерді шешуге көмектеседі:

- білім берушілік, дамытушылық және танымдық үш бірліктің дидактикалық мақсатын жүзеге асыруға;
- сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;
- кіріктірілген сабақ құрылымында проблемалық жағдайлар үлесін ұлғайтуға;
- білімді жеке мәнді және саналы түрде қабылдауға;
- жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;
- оқушылардың оқу-танымдық әрекетін белсендіруге,
- оқушылардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі.

Химия көп салалы пән болғандықтан, ол бүкіл жаратылыстану пәндерімен мазмұндық және практикалық жағынан тікелей байланысты. Бұл жағдайлардың бәрін оқулыққа енгізу мүмкін емес. Сондықтан, оқушылардың білімін толықтырып қана қоймай, олардың ізденушілігін, зерттеушілігін дамытатын бұл пән бойынша дайындалған оқу құралдарының оқулық мазмұнымен сабақтастықта пайдалануын қамтамасыз етуді қарастыру болып табылады.

Химия пәнін жаратылыстану пәндерімен байланысында мына міндеттер іс жүзіне асырылады:

- химияның жаратылыстану пәндерімен байланысын үздіксіз қолдана отырып, зертханалық, саламандық жұмыстарға шығармашылық деңгейде көңіл бөлу;
- пән бойынша алған білім жүйесін басқа пәндерден алынған білім қорымен байланыстырып, табиғат туралы материалистік көзқарас қалыптастыру;
- қоршаған ортада, өндірісте және күнделікті тіршілікте байқалатын сандық, сапалық өзгерістерді бақылауда өзінің білімін қолдана білу;
- ағзалармен, табиғи заттармен, оларды зерттеп-танып білуге қажетті көрнекі және техникалық құрал-жабдықтармен жұмыс жасай білудің біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- экологиялық білім, білік, дағдыны оқу үрдісінде, өмірде, қоғамға пайдалы еңбекте жүзеге асыра білуге үйрету.


Пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығымен қатар мазмұндық, іс-әрекеттік, ұйымдастырушылық – әдістемелік, практикалық өндірістік т.б.

қызметтерде жан – жақты белсенділік көрсетуі күшейеді. Пәнаралық байланыс ең алдымен оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырудың себебіне айналады. Оқушылардың іс - әрекетке танымдық, кәсіптік дербестігін пәнаралық байланыстар негізінде дамыту жеке тұлғаның дүниетанымдық, құндылық бағдарын қалыптастырумен өзара тығыз байланыста өтеді. Химия пәнінен экологиялық білім беруде пәнаралық байланысты тудыра отырып, керекті қосымша әдебиеттер және күнделікті ақпарат құралдарынан алынатын мағлұматтар мен ғылыми-экологиялық материалдар жүйесі дайындалуы тиіс. Ал оқулықтан және жинақталған оқу материалдарынан оның тиімді тұстарын анықтап, таңдап алуы мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Химияның экология пәнімен пәнаралық байланысы: химиялық заттардың атмосфераға, табиғи су көздеріне әсері, ауыл шарушылығында қолданылатын минералды тыңайтқыштардың және химия өнеркәсіп орындарының мұржаларынан шығатын әр түрлі улы газдардың жер бетіне қайта атмосфералық жауын – шашындармен жаууы. Қоршаған ортаның ластануына әсер ететін және адам денсаулығына зиян келтіретінін қарастыру.

8-сыныпта өтілетін «Ауа — газдар қоспасы» тақырыбында тапсырмалар ауаның құрамында газдардың қандай мөлшерде болатындығын, оның құрамының сақталуының экологиялық тұрғыдан маңыздылығы, ауаның тазалығын сақтаудың шараларын түсіндіру мақсатына көзделді.

Тапсырма. Ауаның сапалық құрамын кестеге толтырыңыз.

Құрылымдық бөлігі	Газдардың мөлшері % есебімен	
	Көлемі бойынша	

Дескриптор:

- ауаның құрамын кестеге толтырады;
- ауаның құрамын көлемі бойынша кестеге толтырады.

7-сыныпта «Геологиялық химиялық қосылыстар» тақырыбын өткенде оқушыларға шығармашылық тапсырмалар беріп, пәнаралық байланысты дамытуға болады.

Тапсырма. «Адамның қоршаған ортаға әсері» кестесін толтырып, табиғи ресурстарды өндіретін өндірістік кешендердің қоршаған ортаға тигізетін салдары туралы сипаттаңыз. Салдарлар әсерін азайтатын шараларды ойластырыңыз.

Табиғи ресурстарды өндіретін өндірістік кешендер	Олардың қоршаған ортаға әсері	Әсерін азайтатын шаралар

Дескриптор:

- табиғи ресурстарды өндіретін өндірістік кешендерді атайды;
- өндірістік кешендердің қоршаған ортаға әсерін сипаттайды;
- әсерін азайтатын шараларды ұсынады.

Химияны биологиямен байланыстыра оқытқанда, сабақта өтілген материалдарды толықтырып, оқушылардің білімінің тереңдеуіне, әр саладағы білім қорларын жүйелі түрде игеруге көмектеседі және оқушылардың ой -өрісін кеңейтіп, диалектикалық – материалистік көзқарасын қалыптастырады. 7 сыныпта «Тыныс алу үдерісі» тақырыбын өткенде «сұрақ-жауап» ойыны жүргізілді.

-Тыныс алу үшін қандай газ қажет?

-Тыныс алу нәтижесінде шығарылған және жұтылған газдың құрамы қандай?

-Тыныс алуда жүретін химиялық процесс қалай аталады?

-Өсімдіктердегі фотосинтез бен тыныс алудың айырмашылықтары қандай?

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында тапсырмалар орындалды.

Тапсырма. 1. Адам күніне 720 литр оттегі жұтады. Адамға қажет ауаның көлемін есептеңдер /ауадағы оттегі 20%/ А.3300 В.3600 С. 3500 Д. 3400 Е. 3800

Шешуі: V(ауа)=720*100/20=3600л.

2.Тыныш отырған адам тыныс алғанда 500см^3 ауа жұтады.Адам минутына 18рет тыныс алатын болса, онда бір минутта қанша көлем ауамен тыныс алады?

А.6000 В.7000 С. 7100 Д. 7700 Е. 9000 Шешуі: 18*500 =9000

9- сыныпта «Адам ағзасының химиялық құрамы. Макроэлементтер, микроэлементтер және олардың маңызы» тақырыбы кезінде кестемен жұмыс жүргізілді.

Адам ағзасындағы мөлшері 1%-дан аз болатын химиялық элементтерді атаңыз және маңызын сипаттап, кестені толтырыңыз.

Микроэлементтің атауы	Ағзаға түсу көзі	Ағза үшін маңызы	Жетіспеушілік белгілері	Артықшылық белгілері

Физика мен химияны оқытудың өзара байланыстылығы заттардың атомдық – молекулалық құрылысын оқып үйренген кезде ерекше қажет. Атомдық – молекулалық теорияның элементтерін 7 сыныптағы физика сабақтарында оқып үйренеді, мұның өзі химияны оқытуға елеулі көмек көрсетеді. Молекула ұғымы кейін атомдар, химиялық элементтер мен валенттілік туралы ұғымдардың негізінді 8 сыныпта химия сабақтарында дамытылады. Атом мен молекула туралы ұғымдарды дамыту үшін химиялық формулаларды енгізудің, заттар мен химиялық реакциялардың химиялық қасиеттерін оқып үйренудің зор маңызы бар.

Физика пәніндегі химиялық реакциялардың жылдамдығы мен олардың жүру заңдылықтары, электролиттік диссоциация және оның теориясы, тотығу-тотықсыздану процестері, биогенді элементтер т.б. тақырыптардың қай-қайсысы болмасын, оларда қоршаған ортадағы заттардың айналымы, химиялық қасиеттері мен құрылымдары, табиғаттағы кездесетін биологиялық-физикалық үрдістер мен оның заңдылықтары, заттардың тіршіліктегі рөлі, олардың өзара бір-бірімен байланысы т.б. сабақтастықта қарастырылады.

Тапсырма. A + B→ 2C реакция теңдеуінде А затының бастапқы концентрациясы 0,22 моль/л, ал 10 секунд өткеннен кейін 0,215 моль/л болса, реакцияның орташа жылдамдығын есептеңіз.

Дескриптор:

- химиялық реакцияның жылдамдығын формуласын құрады;
- формулаға сәйкес есептеулер жүргізеді.

Тапсырма. Радиоактивті сәулеленудің 3 түрі бар: альфа, бета және гамма. Сәулелену түрлеріне байланысты берілген келесі кестені толтырыңыз.

	Заряды	Атомдық символы
Альфа		
Бета		
Гамма		


Қазіргі кезде мектептерде CLIL әдісі арқылы химия пәнін ағылшын тілінің элементтері кіріктіріліп оқытылады. Бұл бір жағынан қиын болғанымен, қажеттіліктен туындап отыр.


Сабақта оқушылар химиялық элементтерді қазақ-орыс-ағылшын атауларымен сәйкестендіру, кестемен жұмыс, сызбанұсқа құрастыру, тест, бос орындарды толтыру сияқты тақырыпқа негізделген тапсырмалар орындалды. Сабақ барысында қосымша берілетін химиялық элементтерді үш тілде жазу және айту оқушының сөз қорын қалыптастыруда. Нақты терминдердің ағылшын тіліндегі түсіндірмесі оқыту тілінде беріледі. Химия пәнін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлшындырады. Қарапайым көрсетулер оқушыны өз бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды.

Тапсырма. Ағылшын тілінде берілген қышқылдарды аударып, атауларына қарай формуласын жазыңыз. Translate the acids given in English and write the formula according to their names.

№	Ағылшынша атауы	Формуласы
1	Perchloric acid	
2	Nitrous acid	

3	Nitric acid	
4	Sulfuric acid	
5	Carbonic acid	
6	Sulfurous acid	





Қазіргі таңда білім беру жүйесі барлық пәндерді өзара байланыстыра, кіріктіре, сабақтастыра отырып оқыту арқылы білім беріп, оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке үйрету, жеке бас дербестігін дамыту, бойларына жауапкершілік, орнықтылық қалыптастыру мәселелерін шешу мақсатын көздеп отыр. Пәнаралық байланыс арқылы оқытудың дамытушылық, білім және тәрбие берушілік қызметі объективті түрде кеңейіп, дамып отырады. Оқушылардың әртүрлі пәндер бойынша алынған білім, біліктерді қабылдауы, түсініп-білуі, олардың жалпы ақыл-ойына серпін тудырып, танымдық іс-әрекеттеріне шығармашылық сипат беріп, барлық алынған білімдерін жүйелейді.

Қорытындылай келгенде, пәнаралық байланыс алған білімге сын көзбен қарау, іздену, оның ақиқатын дәлелдеу, яғни, білімді саналы түрде алу. Пәнаралық байланыстың тиімділігі – оқушының құзыреттілігін арттырып ғана қоймайды, сонымен қатар:

- оқушыларға химия ғылымының негізін, маңызды деректерді, заңдар мен заңдылықтарды, теорияларды меңгереді;
- жеке тұлғаның жетілуіне , дамуына бағытталады;
- оқушының өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады;
- оқушы ойын ашық айта алуға, пікір айтуға , алмасуға үйренеді;
- мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады;
- оқушының шығармашылық белсенділігінің артуы.

Қолданылған әдебиеттер:

1.«Пәнаралық байланыстан – интеграцияланған білімге» Ж. Сәкенова Қазақстан мектебі 2009, №10
2.«Химияны пәнаралық байланыс арқылы оқыту» Қ.Аймағамбетова, Э. Әлімқұлова Химия мектепте 2003, №6
3.«Интеграция әдісін сабақта қолданудың тиімділігі» М. Бекбосынов
4.«Пәнаралық байланысты дамыту» Г.Базарбаева Қазақстан мектебі 2004, №3

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ТАРИХ САБАҒЫНДА LESSON STUDY ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Казбаева Шахризада Калауовна
№3 Хромтау орта мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі

Аңдатпа. Мақалада "Lesson study" әдісін «Қазақстан тарихы» пәнінде қолдану жүзеге асырылды. "Lesson study" әдісіне теориялық талдау жасалынды. "Lesson study" оқыту әдістемесін жетілдіру және қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін арттыру мақсатында, сондай-ақ оқыту үшін бағалау сияқты тұжырымдамалық педагогикалық тәсілдерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылды. Зерттеу нәтижелері бойынша талдау жасалынып, қорытынды шығарылды.

Кілтті сөздер: "Lesson study" әдісі, тарих, сабақ, оқушылар, зерттеу, технология, мұғалім, топтық жұмыс.

Қазіргі әлемде сыни ойлай білетін, шығармашылық шешімдер қабылдай алатын шығармашылық тұлғаларға қажеттілік туындайды. Білім беру жүйесі осындай тұлғаларды дайындауға аса көңіл бөлуде. Білім беру үдерісіндегі негізгі тұлға – мұғалім. Мектепте басталған реформалардың сәттілігі оның кәсіби дайындығы мен ішкі сеніміне байланысты. XXI ғасырдағы білім беру жүйесі мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуді көздейді, оның шеңберінде мұғалімдер бірлесіп жұмыс істей алады, инновациялық және тиімді идеялармен алмасады, осылайша оқыту мен білім беруде практикалық қызметте қолданылатын тәсілдердің әсерін күшейтеді.

Lesson Study әдісі – бұл мұғалімдердің кәсіби дамуында қолданылатын жапондық тәсіл, ол сабақ беру процесін жақсарту үшін бірлескен жоспарлау, бақылау және талдауды қамтиды. Бұл әдіс білім беру саласында тиімділігін дәлелдеген тәсілдердің бірі болып саналады және тарих сабағында да сәтті қолданылады.

Lesson Study әдісінің негізгі кезеңдері:


1. Жоспарлау (Planning):
- Мұғалімдер топ болып жиналып, оқушылардың білім қажеттіліктерін талдайды.
- Тарих сабағы үшін нақты мақсаттар қойылады, мысалы, тарихи деректерді түсіну, сыни ойлауды дамыту немесе оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.
- Сабақ жоспары мен қолданылатын әдістерді бірге әзірлейді.

2. Сабақты өткізу және бақылау (Teaching and Observation):
- Бір мұғалім келісілген жоспар бойынша сабақ өткізеді, ал қалғандары оқушылардың сабақтағы белсенділігі мен материалды меңгеру деңгейін бақылап, жазба жасайды.
- Мысалы, тарих сабағында «Ұлы Отан соғысының себептері мен салдары» тақырыбында оқушыларды топтық талқылауға тарту әдістері қарастырылуы мүмкін.

3. Талдау және рефлексия (Post-lesson Discussion):
- Сабақтан кейін мұғалімдер сабақтың қалай өткенін, оқушылардың реакциясын, қиындықтарды және жетістіктерді талқылайды.
- Оқушылардың тарихи материалды меңгеру деңгейі мен ұсынылған әдістің тиімділігі бағаланады.

Тарих сабағында Lesson Study қолданудың артықшылықтары:
- Оқушылардың сыни ойлауын дамытуға ықпал етеді, себебі тарих пәні әртүрлі көзқарастарды талдауды талап етеді.
- Топтық талқылау, рөлдік ойындар және деректермен жұмыс істеу арқылы оқушыла рдың белсенділігі артады.
- Мұғалімдер өзара тәжірибе алмасып, оқыту сапасын жақсартады.
- Сабақты жоспарлау кезінде оқушылардың нақты қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Тақырыбы:"Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыта отырып, білім сапасын көтеру "Мақсаты: Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып, білім сапасын көтеру"Lesson Study" дегеніміз не? тақырыбында кәсіби әңгіме өткізілді.







Кәсіби әңгіме барысында топ мүшелеріне Лессон Стади туралы түсінік берілді. Фокус топтың жұмыс жоспарымен және "Lesson Study" зерттеу тобының жұмыс жоспарымен таныстырылды. Топ мүшелеріне зерттеу жұмыстарын қалай жасау керектігі туралы талқыланып,ой бөлістік. Сыныптан Б.Басстың «Тұлғаның бағыттылығын анықтау» әдістемесі тақырыбында бастапқы сауалнама алынды. Сауалнамаға 22 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша 1.Өзіне бағыттылық (М) – атқарылған жұмыстың бәрін өзіне аудару, мәртебеге таласу, билік құмар болу, бақталасу, тынышсыздану. 2.Қарым-қатынасқа бағыттылық (Қ) - барлық жағдайда адамдармен қарым-қатынасты сақтай білу, ортақ жұмыс істеуге бейімділігін көрсету, адамдарға шынайы көмек көрсетуге талпыну; 3.Іске бағыттылық (І) – іскерлік мәселелерді шешуде, жұмысты нәтижелі орындауға ұмтылу, ортақ мақсатқа жету үшін пайдалы пікірді жақтау. Негізгі пәндер бойынша сабақ кестесі құрылды. 8 а сыныбында 2-айналым Lesson study зерттеу сабағы өткізілді. Қазақстан тарихы пәні: Сабақтың тақырыбы Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің



Топтық жұмыс кезінде әр топқа сенквэйн әдісі арқылы тпсырмалар берілді. Бейнематериалды тыңдата отырып, келесі тапсырмаларды орындатыңыз. Оқушыларға кемінде маңызды деген 4 мағлұматты дәптерге жаздыртып, сол мәліметтер арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтатуға әрекет жасаңыз. Бір- екі оқушының жазған маңызды ақпаратымен тақырыпты анықтатыңыз. Сабақтың тақырыбымен, оқу мақсатымен, бағалау критерийлерімен таныстырылады. Сабақ барысында топтық,жұптық,жеке жұмыстар жүргізілді. Тізбектелген сабақтарды талдау кестесі



Сабақтар	Бірінші сабақ	Екінші сабақ	Үшінші сабақ
Тақырыбы	Гидросфера және оның құрамдас бөліктері, су ресурстарының маңызы	Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің құрылуы	Kurmangazy Sagyrbayuly
Оқу мақсаты:	8.3.3.1 құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды; 8.3.3.2 құрлық суларының негізгі түрлерінің шаруашылық маңызын түсіндіреді.	8.3.1.6. Қазақстанда құрылған ұлттық автономияларды ң маңыздылығына баға беру; 8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау.	8.5.7.1- use with minimal support appropriate layout at text level for a growing range of written genres on familiar general and curricular topics 8.1.8.1- develop intercultural awareness through reading and discussion;
Сабақ мақсаты:	Құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтап, шаруашылықта қолданылуын түсіндіреді.	Қазақстанда құрылған ұлттық автономияларды ң маңыздылығына баға беру; Қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау.	• read an article about Kurmangazy Sagyrbayuly. • decide if information about the text is true or false. • talk about other important Kazakh musicians.
Сабақтағы әдіс-тәсілдер	Файнворд әдісі,Географиялы қ диктант».оқулықп ен жұмыс,**Ротация әдісі.**	Сұрақ жауап, СВОТ талдау, терминмен жұмыс.оқулықпе н жұмыс	Миға шабуыл, Кластер әдісі Оқулықпен жұмыс, Шындық, жалған «Froggy jumps»
Ресурстар	Сұрақ жауап, СВОТ талдау, терминмен жұмыс.оқулықпен жұмыс	Видео, слайд, таратпа материалдар, карта, интерактивті тақта	Сұрақ жауап, СВОТ талдау, терминмен жұмыс.оқулықпен жұмыс

Жұмыс түрлері	Жеке, жұптық, топтық жұмыстар	Жеке, жұптық, топтық жұмыстар.	Жеке, жұптық, тортық жұмыс түрлері сабақ барысында болды.
А,В,С деңгейіндегі оқушылардың іс-әрекеттері	Сабақта оқушылардың қызығушылығы орташа деңгейде болды.Жаңа сабақ кезеңінде Ротация әдісін қолданғанда А-деңгейдегңі оқушы орындай алды.В-деңгейдегі оқушы жартылай орындады,бірақ белсенділік танытты.С-деңгейдегі оқушы орындауға тырысты,бірақ толық,түсініп орындай алмады.Қасындағы оқушылардың көмегіне мұқтаж болды.Мұғалімнің көмегіне жүгінді.Кейбір тпасырмаларды толық орындай алмады.	Түрлі жаңа әдіс - тәсілдерін қолдану оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, олардың оқуға деген ынталарын арттыратынын байқадық. Бұл жайында зерттеуге алынған 3 оқушы тұрғысынан алып қарасақ, А мен В оқушысы сабақта белсенділік танытып, өз ойларын еркін айтып, қасындағы көршісімен ой бөлісе отырып, мұғалімнің әр сұрағын мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындап отырды. Ал С оқушысы болса басында жан – жағына жалтақтап, өз орнын таппағандай болып отыр еді, кейіннен А В	Интербелсенді әдіс, видео материал, dr-recorder программасы Оқушылар белсене қатысты. Мұғалімнің сұрақтарына жауап беріп, сабақ тақырыбына қызығушылық танытты. Өзара пікір алмасу барысында бір-бірінің жауаптарын толықтырды. А деңгейіндегі оқушы сабақтың барлық кезеңінде белсенді болды. Берілген тапсырмаларды мұқият қарап, толық орындай білді. В деңгейіндегі оқушы сабақтың орта, соңғы кезеңінде белсенді болды. Сабақта сұрақтарға жауап беріп, тақта алдында шығып тапсырманы орындағанының өзі сабаққа қызығушылығының артқанын білдірді. Тапсырмаларды қатесіз орындай алды. С деңгейіндегі оқушы сабақта белсенді емес. Бірақ қатарластарының қасында берілген тапсырмаларды

		деңгейіндегі оқушылардың көрсеткен көмектері арқылы ол да сыныпқа ілесіп, белсенділік таныта бастады. Ең алғашқыда С оқушы жауабын нақты айта алмаса, ізденуге қызығушылығы арта бастады.	орындап отыруға тырысты. Мұғалім жетелеуімен сабаққа қосылып отырды.
Бағалау/ кері байланыс	Сабақты **«Аялдама»** бағалау әлдісі қолданылды.А,В, С деңгейіндегі оқушылар сабаққа орташа деңгейде белсенділікпен қатысып,тапсырмаларды мүмкіндігінше орындап отырды.	Сабақты қорытындылау барысында ақиқат және жалған тапсырмасы берілді. Оқушылар тапсырманы жақсы орындап шықты. Бағалау 10 баллдық жүйе негізінде, житондар арқылы жүргізілді.	Оқушылар сабақта белсенділік танытып, берілген тапсырмаларды мұқият орындай білді.
Рефлексия	Сабақта оқушылардың жаңа тақырып бойынша алған білімдерін бекіту мақсатында «Географиялық диктант» тапсырмасын қолданды.	Білім қоржыны тапсырмасы бойынша балалар сабақтан алған әсерлерін қоржынға белгілей отырып, сабақ бойынша не түсінгенін, әлі де тақырып бойынша қажетті тұстарын айтты.	«Бағдаршам әдісі» Қызыл түс: Мен түсінбедім Сары түс: Менде сұрақтар бар Жасыл түс: Мен бәрін түсіндім Оқушылар өз сезімдерін түстер арқылы білдірді.


Жеткен жетістіктер	Сабақта оқушылар ойын анық білдіруге, берілген тапсырмаларды оқып, оларды орындау арқылы қызығушылықтары артты және тақырыптық мәтіндермен жұмыс жасау арқылы оқу дағдылары жетілді. Топпен жұмыс істеу арқылы оқушылар өзара қарым-қатынас орнатты және ынтымақтастықта жұмыс істеуді үйренді. Жеке тапсырмаларды орындау арқылы жауапкершіліктерін арттырды.	1. Оқушылар алдымен өзара сөйлесіп алып, тапсырманың берілгенін өзара түсініп алып, сосын орындады;2. Олар топқа бөлініп, жұптасып - топтасып жұмыс жасау арқылы өзгерді, ынтымақтастықтары артты. Тапсырмаларды орындау барысында, жұптық - топтық жұмыстың мағынасын түсінді. 3. Бірлесіп ынтымақтастықта жұмыс жасауға, ортақ бір шешімге келуге үйренді. . 4. Бағалаудың формативті бағалауынан білімнің шынайы болатынын ұғынды.	Сабақта оқушылар ойын анық білдіруге, берілген тапсырмаларды оқып, оларды орындау арқылы қызығушылықтары артты және тақырыптық мәтіндермен жұмыс жасау арқылы оқу дағдылары жетілді. Топпен жұмыс істеу арқылы оқушылар өзара қарым-қатынас орнатты және ынтымақтастықта жұмыс істеуді үйренді. Жеке тапсырмаларды орындау арқылы жауапкершіліктерін арттырды.

Сұхбат парағы: Әр сабақ аяқталғаннан кейін оқушылармен сұхбат жасалды. Ауызша сұрақтар беріліп оқушылардың жауаптары тыңдалды.

Зерттелген оқушылардың берген жауаптары: Сабақ өткеннен кейін 5 оқушыдан сұрақтар қойып, оқушының жауабы тыңдалды .Әр оқушы сабаққа байланысты өз жауаптарын берді. А деңгейдегі оқушы сабақтың кезеңдеріндегі тапсырманың қиындық тудырмағанын,жаңа сабақ кезеңіндегі тапсырманы толық орындай алғанын айтты.В денгейдегі оқушыға Қазақстан тарихындағы ұлттық автонтмиялардың территориясын табуда қиыналғанын

айтты.Сдеңгейдегі оқушы Ағылшын тілінде Қ.Сағырбайұлы туралы ақпараттар мен жұмыс жасау барысында қызығушылық танытқанын айтып жеткізе білді.

Жалпы сыныптың білім сапасы/ мониторинг



Зерттелген пәндер бойынша білім сапасы/мониторинг I жарты жылдық бойынша 8 «а» сыныбының білім сапасы: 63%

Қорытынды: Түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану нәтижесінде оқушылардың дүниетанымдық құзіреттіліктерін жетілдіру үшін білім дайын күйінде беріле салмай, мұғалім шеберлігі арқылы оқушының алдына мақсат қойып, соны іске асыруына жол көрсету арқылы берілсе, оқушылардың өмірге бейімделуіне оң ықпал етеді.

«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНАН «ҮЗДІК ҚАЛАМ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ

ТАЛАПТАР/ШАРТТАР

Авторлар қолжазбаларды мұқият тексеріп, түзетуі тиіс;
• автордың аты-жөнін (толық), ғылыми дәрежесін, атағын, қызметін, мекеменің толық атауын көрсету қажет;
• мақала авторының фотосуреті болуы шарт және өлшемі 4950x3510 пикселден (6x12 мм, 300 ppi кем емес) кем болмауы тиіс;
• мақалаға оның мәні мен идеясын айқындайтын сюжетті фотосуреттерді тіркеп жіберуге болады (сканирленген фотосуреттердің өлшемі 10x15 мм, 300 ppi кем емес);
• пайдаланған кестелер, диаграммалар, графиктерді, пайдаланылған бағдарламалардың (Word, Excel, PowerPoint және т.б.) бастапқы пішімінде материалға қоса тіркеу қажет;
• мақала көлемі атауы мен әдебиеттер тізімін қоса санда 3 беттен аспауы қажет;
• мақаланы төмендегідей талаптарға сәйкес ресімдеу керек: Microsoft Word, кегль – 12 пункт, гарнитурасы - Times New Roman, парақ пішімі - A4, жиектері - 2 см, жоларалық интервал – жалаң, бірінші жол – 1, 25 см бос жер, азат жолға дейінгі және кейінгі интервал - 0 см;

ТРЕБОВАНИЯ/УСЛОВИЯ

Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами;
• необходимо указывать: фамилию, имя и отчество автора (полностью), учёную степень, звание, должность, полное название учреждения;
• фото автора статьи обязательно и должно иметь размеры не менее 4950x3510 пикселей (не менее 6x12 мм, 300 ppi), фото в статью не помещать;
• желательно сопроводить статью сюжетными фотографиями, которые будут отражать суть и идею статьи (размер отсканированных фото не менее 10x15 мм, 300 ppi);
• используемые таблицы, диаграммы, графики должны прилагаться к материалам в исходном формате используемых программ (Word, Excel, PowerPoint и др.);
• аннотация должна содержать только главную информацию статьи, не превышать объем 6 строк, выполняться на двух языках, отличающихся от языка статьи (пример: если статья написана на русском языке, то аннотация пишется на английском и казахском);
• максимальный объем статьи не более 3 страниц, включая название, список литературы;
• статью оформлять в соответствие с требованиями: Microsoft Word, кегль – 14 пунктов, гарнитура - Times New Roman, формат листа - A4, поля - 2 см, междустрочный интервал – одинарный, первая строка – отступ на 1, 25 см, интервал перед и после абзаца – 0 см;
Эл. почта: kalam2025@mail.ru